

23 ҚАЗАН,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№117 (23 586)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Елдік
мақсат
жолында

2-бет

Қарағандының
Ай-Ти әлеуеті

4-бет

Болашақ
чемпиондар
бәсекесі

8-бет

• ФОРУМ

Жастықтың оты жалындап...

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында өңірдің ең креативті, білімді, шығармашыл және белсенді 600-ден астам жастың басын қосқан «SARYARQALAB: AQYL.DAMU.QADAM» атты жастар форумы өтті. Форум аясында облыстың түпкір-түпкірінен келген жүздеген жас түрлі экскурсияларды аралап, тренингтер мен семинарларға қатысып, жаңа ортамен танысты, тәжірибе алмасты. «AMANAT» партиясында өткен қорытынды жиында жасанды интеллект, цифрлық даму, жастардың экологиялық жауапкершілігін арттыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері сөз болды. Сондай-ақ, бір топ белсенді жас партия қатарына қабылданды.



Жастар өңір университеттері мен колледждерінен, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларынан және аудандардан келді. «AMANAT» партиясында өткен форумының салтанатты жиыны осы маңызды шараның қорытындысы болды. Аталған шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, «AMANAT» партиясының облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков және басқа мемлекеттік ұйым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыстың әрбір төртінші тұрғыны жастар өкілі, олар еліміздің болашағы ретінде жаңа идеяларды жүзеге асырушы буын екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Жастар – елдің жаңа экономикасының негізгі қозғаушы күші» деп атап өткен болатын. Сіздер – жасанды интеллект, цифрлық технология, экологиялық мәдениет, құқықтық білім салаларын болашақта еркін меңгеретін тұлғасыздар. Бүгінде сіздерге гранттар беріліп келеді. Бұл, шын мәнінде, өңір тарапынан, бүкіл ел тарапынан артылған зор үміт пен сенімді білдіреді. Сонымен қоса, тың идеяларды, қолға алған бастамаларды, стартаптарды, армандарыңызды жүзеге асыруға салынған инвестиция болып отыр. Өңірде «Жасыл ел» бастамасы, жастарға арналған жеңілдетілген ипотекадан бастап, менторлық және мәдени жобалардың барлығы жас буынның жолын ашу мақсатында жасалып жатыр.

► 3-бет


Энергетика эволюциясы

Арқадағы алып энергетикалық нысан Топар бас энергия тарату стансасы келесі кезеңге қадам басты. Инвестициялық жобалар мен күрделі жөндеу жұмыстары өңірдің энергия қауіпсіздігін күшейте түспек.

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста орналасқан Топар кентіндегі бас энергия тарату стансасы – өңірдің өнеркәсіп тынысын тарылтпай тұрған басты орталықтарының бірі де бірегейі. Алпысыншы жылдардың бас шенінде іске қосылған алып нысан бүгінде де Арқа аймағының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, өндірістік әлеуетін жаңғырту бағытында да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Мойындай кетелік, атаулы нысанның тарихы терен, қуаты мол.

– Топар бас энергия тарату стансасы өңірдің энергетикалық тұрақтылығының тірегі десек, жарасар.



► 4-бет



• РЕСМИ

Мұғалім мәртебесі – назарда

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының оқыту мен білім беру саласындағы халықаралық TALIS-2024 зерттеуінің қорытындысы бойынша Қазақстанның білім беру жүйесінде оң өзгерістер байқалды. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім сапасын арттыру және педагог мәртебесін көтеру бағытындағы бастамаларының нәтижесін көрсетеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

TALIS зерттеуі білім беру ортасын, педагогтердің еңбек жағдайларын, кәсіби даму мүмкіндіктерін, оқыту тәжірибесі мен кәсіби ұстанымдарын бағалайды. Зерттеуге 7 мыңнан астам қазақстандық педагог пен 369 мектеп директоры қатысты.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова 2018 жылмен салыстырғанда мұғалімдер әкімшілік жұмыстарға аз тартылып, сабақ беруіне және ата-аналармен, қамқоршылармен байланыс жасауға көбірек уақыт бөле бастаған.

Зерттеу нәтижелері педагогтердің еңбек жағдайында айтарлықтай оң өзгерістер барын байқатты. Мәселен, өткен оқу жылында еліміздегі педагогтердің орташа апталық жүктемесі 36 сағатты құрады. Ал, 2018 жылы бұл көрсеткіш

50 сағат болған. Мұндай қысқарту – ЭЫДҰ елдерінің ішінде ерекше жағдай.

Сондай-ақ, педагогтердің орташа жасы 41 жасты құрады. Бұл көрсеткіш ЭЫДҰ елдеріндегі орташа деңгейден 4 жасқа төмен екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар педагогтердің де үлесі жылдан-жылға артып келеді.

Сонымен қоса, педагогтердің еңбек жағдайларына және жалақысына қанағаттану деңгейі жоғары. Сауалнама нәтижелері бойынша педагогтердің 95%-ы өз жұмысына көңілі толатынын, ал, 80%-ы мамандықты қайта тандаса, қайтадан мұғалім болуды қалайтынын айтқан.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
		6 ай	12 ай
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	13 770,14	10 141,30
		27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 141,30	5 891,30
		12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovy@bk.ru



Каспи QR
арқылы жазылуға
болады

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 632.24

• USD/KZT 541.63

• RUB/KZT 6.61

• CNY/KZT 76.08

Қазақстан Ұлттық Банкінің
22 қазан, 2025 жылғы дерегі бойынша

Елдік мақсат жолында

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Қарағанды, Теміртау, Шет және Абай аудандарында болып, жастармен, зиялы қауым өкілдерімен және жергілікті тұрғындармен кездесті. Кездесулердің негізгі өзегі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауында белгіленген стратегиялық міндеттердің өңірде іске асу барысын талқылау болды. Кеңесші білім беру мен цифрландыру бағыттарындағы жобалардың жүзеге асуын бақылап, ұлттық идеология, ауылды дамыту, мәдениет пен жастар саясатына қатысты ұсыныстарды тыңдады. Мәлік Нұржанұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсіміне оң баға беріп, Жолдауда көрсетілген басым бағыттарды іске асыруда Қарағанды облысы үлгі көрсетіп отырғанын атап өтті.

Жасампаз жастарға сенім уақыты

Алдымен, Мәлік Отарбаев жұмыс сапары аясында Қарағанды индустриялық университетінде жастармен кездесіп, Жолдаудың жоғары білім беру және ғылым саласындағы орындалу барысын бақылап, оқу орнына жиылған аймақ жастарымен пікір алмасты.

Аталған жиынға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, Қарағанды өңірлік университеттердің және колледждердің басшылары, жастар

тік маңызы бар құжат» екенін айта келіп, Қарағанды облысына арнайы келуінің мақсаты – Жолдаудың саяси астарына үңіліп, идеологиялық мән-маңызын ашу екенін айтты.

– Саяси тұрғыда маңызды жайттарды жастарға түсіндіру өте маңызды. Өз Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы, мемлекеттік басқару жүйесін және әлеуметтік саланы дамыту үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалануға бағытталған кешенді реформалар

– Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев мырзаның Қарағандыға келуінде ерекше мән бар. Осындағы мәдениет майталмандарымен, қаламгерлермен, ақсақалдармен, жалпы зиялы қауыммен жүздесіп, ел келешегіне қатысты маңызды мәселелерді талқылауды мақсат тұтып отыр, – деді Әлібек Әлденей.

Мәлік Отарбаев елдің бүгінгі жай-күйі мен келешегіне қатысты өзін толғандырған ойларын ортаға салды.

– Қоғам мәдениетін, білімін арттыру – ұлттық идеологияның



Сурет Абай ауданының әкімінен



Сурет Қарғиу-нан

ұйымдарының өкілдері, еріктілер және студент жастар қатысты.

Кездесу барысында облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей сөз сөйлеп, бұл кездесу жастардың ұсынысына құлақ асатын, көкейкесті идеяларды билікке жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды алаң екенін айтты.

– Білік шешім шығару үшін жастарға тың көзқарас қажет. Тың көзқарас, креативті сыни ойлай алатын, жаңашылдыққа бейімділік – жасампаз жастарға тән қасиет. Пікір алмасу, ел дамуын іргерілету – ұлт жанашырлары үшін аса маңызды. Осындай кездесулер билік пен жастардың арасына көпір болып, болашаққа сенім ұялатады, – деді Әлібек Әлденей.

Облыс бойынша жыл сайын шамамен 15 мыңға жуық жас азамат өңіріміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласады. «Бүгін мен барша жасты мұндай іске белсенділік танытуға, осы сәтті пайдаланып, өз идеялары мен ұсыныстарын ашық айтуға шақырамын. Сіздермен бірге тың жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз», – деді Әлібек Үсенұлы.

Кездесу барысында Қарағанды индустриялық университетінде, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті мен Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетінде, сондай-ақ, Теміртау жоғары политехникалық колледжінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен жасанды интеллект негізінде қолға алынған бастамалар таныстырылды. Сондай-ақ, Президент тапсырмасы аясында дарынды ауыл жастарын анықтау мен қолдау, кәсіби білім беру және әлеуметтік мүмкіндіктерге қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында облыста бастау алған «Ұлт қазынасы» жобасы жайлы сөз болды. Аталмыш жобаның менторы, Теміртау «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жетекшісі Мирас Яуда жоба адами капиталды дамытуға, экологиялық мәдениетті қалыптастырып, цифрлық мүмкіндіктерді игеруге және жастардың белсенділігін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев «Жолдау – мемлекет-

бағдарламасын ұсынды. Менің ойымша, бұл Жолдау негізінен жастарға арналды деуге болады. Себебі, жастар жасанды интеллект пен цифрландырудың не екенін жақсы түсінеді, қабылдайды. Сондықтан, мен сіздердің Жолдауда айтылған әрбір маңызды аспектіні терең түсініп, жүрекпен сезіне алатындарыңызға сенемін, – деді Мәлік Отарбаев.

Зиялы қауымның пікіріне құлақ түрді

Алқалы жиын бейресми форматта өрбіді. Алқалы жиынға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының құрметті азаматы Рымбала Омарбекова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақ классикалық әнінің дүлдүлі Жақсыкелді Кемалов, белгілі әлкетанушы, ел ақсақалы Тұңғышбай Мұқан, «Құрмет» орденінің иегері, дарынды әнші Сержан Мұсайын, ақын, филология ғылымдарының



Сурет Шет ауданының әкімінен

– Қоғам мәдениетін, білімін арттыру – ұлттық идеологияның өзегі. Бұл бағытта әрбір азаматтың белсенді болуы маңызды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір баяндамасы, Жолдауы – мемлекеттік маңызы бар құжат. Құжаттың астарында маңызды саясат пен идеология жатыр. Біріміз жұдырықтай жұмылып сондағы маңызды мәселелерді жастарға түсіндіру – сіз бен біздің алдымыздағы маңызды міндет. Елдің келешегіне Президент қана жауапты емес, тұтас ұлт жауапты. Сол себепті де жастарды мемлекетшіл етіп тәрбиелеу – басты міндет.

докторы Қойлыбай Асан, облыстық «Сауатқа ақпарат» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, белгілі тележурналист, облыстық «Сауатқа» телеарнасы директорының орынбасары Жәнібек Садықанов, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының өкілі Жанат Жаңқашұлы, белгілі кинорежиссер, облыстық мәслихаттың депутаты Арман Әлімжанов және басқа да мәдениет майталмандары қатысты.

Мәлік Отарбаев туған күнін Мәлік Жақсыкелді Кемаловтың нығыз шапан жауып, құрмет көрсетті.

Жұрттың жай-күйі мен келешегі талқыланған жиында облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей модератор болды. Әлібек Әлденей сөз басын жиынның мақсаты мен міндетінен бастады.

өзегі. Бұл бағытта әрбір азаматтың белсенді болуы маңызды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір баяндамасы, Жолдауы – мемлекеттік маңызы бар құжат. Құжаттың астарында маңызды саясат пен идеология жатыр. Біріміз жұдырықтай жұмылып сондағы маңызды мәселелерді жастарға түсіндіру – сіз бен біздің алдымыздағы маңызды міндет. Елдің келешегіне Президент қана жауапты емес, тұтас ұлт жауапты. Сол себепті де жастарды мемлекетшіл етіп тәрбиелеу – басты міндет, – деді Мәлік Отарбаев.

Рымбала Омарбекова Президенттің биылғы Жолдауына қатысты пікірімен бөлісіп, маңызды тұстарын айшықтады.

– Қасым-Жомарт Тоқаевтың әр Жолдауына үнілсек, оның халықтың жағдайына, нақты айтқанда, әлеуметтік салаға барын-

ша көңіл бөлетінін аңдаймыз. Өндіріс, ауыл шаруашылығы секілді салаларға басымдық беріп келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев адамзат баласы жаңа дәуірдің табалдырығынан атап бара жатқанын айтты. Бұл – цифрлық және жасанды интеллект дәуірі. Еліміз әлем көшінен қалмасын деп батыл қадамдарға барып, күрделі шешімдерді қабылдады, – деді Рымбала Омарбекова.

Қойлыбай Асанов алдыңғы толқын ағалар жастарды мемлекетшіл етіп тәрбиелеу жолында аянбайтынын атап өтті. Айтбай Жұмағұлов бүгінде жабылып жатқан ауылдардың жайын, елдімекендерді сақтауға үкімет барынша көңіл бөлсе деген өтінішін жеткізді. Жанат Жаңқашұлы келешек иелерінің білімін, мәдениетін көтеруге бар күш-жігерді бағыттау керектігіне тоқталды. Ел ақсақалы Тұңғышбай Мұқан Арқадағы жұрттың

Компания 420 млн теңгеге 21 мың тоннаға арналған көкөніс қоймасын салып, цифрлық технологияларды күнделікті өндіріс процесіне енгізуде.

Аудан басшысы инфрақұрылым және әлеуметтік салада серпін барлығын жеткізді. Жолдауда айтылған міндеттер қатарында өңірлік инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі де бар. Бұл бағытта аудан бойынша 7 елдімекенде жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 5 ауылға ауыз су тартылды. Ақсу-Аюлыда көріз жүйесі құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Электр желілері коммуналдық меншікке өтіп, 435 млн теңгеге қайта жаңғыртылуда. 2024 жылдың соңына дейін 116 отбасы баспанамен қамтылмақ. Оның ішінде Красная Поляна ауылында 6 отбасы жаңа пәтер кілтін алады. Мәдениет пен спорт саласында 1,3 млрд теңге итеріліп, бірнеше мәдениет үйлері жөнделіп, Ақсу-Аюлыда

жергілікті диқандар егін орағы науқанын дер кезінде аяқтап, одан айтарлықтай мол өнім жинаған. Мұнда қысқы жылыту маусымы да ойдағыдай өтіп, Топар ГРЭС-інде жаңа құбыр агрегаты қойылып, Жартас пен Южный кенттеріне модульді қазандықтар орнатылған. Жыл басынан бері 9190 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, тұрғындар үшін 130 пәтер сатып алынып, 8 медициналық мекеме салынып, аулалар абаттандырылып, жолдарды жөндеу жалғасуда. Жалпы, ауданда құны 15 миллиард теңге болатын 4 жоба жүзеге асырылуда екен.

Келесі кезекте аудандағы «Шанс» шаруа қожалығының басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Игорь Жабяк өз шаруашылығының жетістіктерін саралап, бүгінде 1,5 мың гектар суармалы егістік жерлері барын мәлімдеп, Ассамблеяның облыстық филиалының биылдың өзінде жүздеген шара өткізіп, аймақтағы ұлттық мәдени бірлестіктерге шаруашылық құрылымдары, соның ішінде, өз қожалығы да демеушілік жасап отырғанын жария қылды.

Ал, аудандық Аналар кеңесінің төрағасы Перизат Әбілдина Жолдауға қолдау білдіріп, оны жүзеге асыру жолында жас ұрпаққа адамгершілік және патриоттық тәрбие беріп, ұлттар татулығы мен халық бірлігін сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Бұл орайда «Кітап оқитын ұлт» және «Тұлпар мініп, ту алған» жобаларын қолға алып, сол бойынша тындырған шаруалары жайлы сөз қозғады.

Бұдан кейін сөйлеген Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев:

– Мемлекет басшысының Қазақстан халқына биылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы еліміздің таяудағы үш жылдағы кешенді даму бағытын белгілеп берді. Бұл уақыт аралығында біз барлық жағынан цифрлық мемлекетке айналып, әлемдік өркениет көшінде жетекші орындардың біріне ие болуға тиіспіз. Сондықтан, оны жүзеге асыру үшін Президентіміз қазіргідей күрделі халықаралық жағдайда қазақстандықтарға үлкен сенім артады, – деді.

Кездесу соңында Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаевқа Абай ауданы жұртшылығымен жылы жүздесуі мен еменжарқын әңгімесі үшін аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрлан Адашев алғысын айтса, Топар кентінің тұрғыны Айнаш Асқартегі оған өзінің сонау қиын кезеңде өзге ұлттың 8 баласын асырап-жеткізген Ажар әжесін суреттеген «Айнаның түсі» деген кітабын сыйлап, ескерткіш суретке түсті.

Абай ауданының халқымен Президент кеңесшісі өткізген бұл алқалы жиын мен салықалы әңгіме Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы жұрттың жүрегіне жол тапқанын тағы да танытқандай болды.

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
Ерік НАРЫН,
Ержан ИМАШ,
Нұрлос КӘРІМ**

• 27 ҚАЗАН – ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Жан жылуын сыйлаған

Әлеуметтік сала қызметкерлері күні қарсаңында К.Станиславский атындағы театрда салтанатты жиын өтті. Мамандығына адал және үздік қызметкерлер құрметке бөленіп, Алғыс хаттармен және облыс әкімінің арнаулы сыйлықтарымен марапатталды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екінің бірі әлеуметтік салада қызмет ете алмайды. Мұнда кәсібиліктен бөлек темірдей төзім мен адалдық және адамға деген мейірім керек. Міне, осы бір қиын салаға өзінің бар күш-жігерін арнап жүрген мамандар құрмет төрінен көрінді.

Салтанатты жиынның алғысөзін облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков айтты. Ол мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, саланың ел үшін маңыздылығын айшықтады.

– Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің жауапкершіліктеріңіздің, жанаңшырық пен кәсіби біліктіліктің арқасында мыңдаған тұрғын қажетті көмекпен қатар, үміт пен сенімге ие болуда. Әлеуметтік сала ардагерлеріне мамандыққа адалдықтың, кәсіби тәжірибенің жарқын үлгісін көрсетіп отырған аға буынға алғысым шексіз. Облыста әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге нақты қадамдар жасалып жатыр. Аймақта 55 мыңнан астам мүгедектігі бар азаматтар тұрады. Олардың 95%-ы қажетті оңалту құралдарымен қамтылған. Жыл сайын әлеуметтік қолдауға 9 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді. Бұл кейінгі 5 жылда екі есеге артқан. Инватаси қызметі облыстың барлық өңірінде жұмыс істейді. Биыл алғаш рет мүгедектігі бар азаматтарды жоғарғы қабаттарға көтеру жобасы іске қосылды. Менталды ауытқушылығы бар балаларды кәсіпке баулу бастамасы жүзеге асуда, – деді Ораз Тәуірбеков.

Облыс әкімінің орынбасары аймағымыздағы жұмыссыздық деңгейі 4%-ы құрайтынын және бұл – республика бойынша ең төменгі көрсеткіш екенін атап өтті. Жыл соңына дейін 48 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту жоспарда бар.



Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында пилоттық жобалар жүргізілуде. 33 мемлекеттік және 4 үкіметтік емес ұйым лицензия алған. 6 белсенді ұзақ өмір сүру орталығының есігі зейнеткерлерге айқара ашық. 7 мың адамға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Биыл 4 орталықты жөндеуге 1,5 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Желтоқсанда менталды ауытқушылығы бар балаларға арналған 125 орындық жаңа орталық ашылмақ. Кезекте тұрған психоневрологиялық диагнозы бар азаматтардың мәселесі жүйелі шешім тауып, соңғы он жылдағы кезек жойылған.

Атаулы саланың 10 қызметкеріне көпжылдық адал еңбегі, әлеуметтік салаға қосқан елеулі үлесі және мамандығына деген адалдығы үшін Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты табысталды.

Аймағымызда кәсіби мерекеде табыс-талатын ең жоғарғы марапат – облыс әкімінің сыйлығы. «Рухы биік тұлға» аталымында Бөкел Айнұр, «Үздік әлеуметтік қызметкер» аталымында Роза Оспанова,

«Әлеуметтік қорғау саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым» аталымында Халықты дамыту және әлеуметтік көмек орталығы «Менің Ұйым» қоғамдық бірлестігі сыйлыққа лайық деп танылды. «Еңбек мобильділігі орталығы мен оның филиалдарының үздік қызметкері» – Жетпісбай Жұмакелді, «Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үздік қызметкері» – Анжела Литовш, «Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының үздік қызметкері» – Ерлан Төлеуов. «Белсенді өмірді насихаттағаны үшін» аталымында Дастан Үмітқалиев, «Әлеуметтік осал топтармен жұмыс істеу бойынша үздік маман» аталымында Айжан Байдельдинова, «Жомарт жүрек» аталымында Балқаш қалалық «Үлкен жүрек» қоғамдық бірлестігі топ жарды.

Ал, «Мамандығына адалдығы үшін» деп аталатын ең басты сыйлығына Усеин Есенов лайық деп танылды. Басты сыйлықты облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов табыстады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Жастықтың оты жалындап...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз сіздердің елімізді өркендетуге үлес қосатындарыңызға сенім мен үміт артамыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова сөз сөйлеп, елімізде жастардың күшімен ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын тілге тиек етті.

– «Жастар Рухы» жастар қанатында ел бойынша 125 мыңнан аса жас бар. Ал, Қарағанды облысында жобаға қатысатын жастардың саны 7 мыңға жуық. Олар әлеуметтік, патриоттық және экологиялық акцияларға белсене қатысады. Бұл жобалардың мақсаты – азаматтық қоғам белсенділігін арттыру. Жастардың арқасында қалалар тазартылды, 700-ден астам ескерткіш ретке келтірілді, тыйым салынған есірткі заттарының жарнамасы жойылуда, – деді ол.

Форум барысында жастарға цифрлық әлем, экологиялық жауапкершілік, на-

өмірдің барлық саласына еніп келеді. Біз ЖИ көмегімен кино түсіреміз, бейнероликтерді студия мен қымбат бейнекамераларға жүгінбей-ақ дайындай аламыз. Бұл ресурстарды үнемдеуге және жаңа дүниелерді жасауға көп мүмкіндік береді. Мұны тәжірибе барысында қолданатын боламыз, – деді ол.

Сондай-ақ, форумда «Террикон алқабы» экожүйесінің басқарушы серіктесі Диана Салехова жастарға өңірлік IT-хабтың әлеуетін таныстырып, жаңа идеялар мен стартаптарды жүзеге асыратын жастарды «Террикон алқабына» шақырды.

Бұдан басқа «Таза Қазақстан» акциясы жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға сеп болғаны туралы айтылды. Әсіресе, «Жастар Рухы» жастар қанаты екі жыл бойы елімізде кең ауқымды road-эстафетасын өткізіп, Қазақстанды таза әрі көркейген елге айналдыруға үлес қосып келеді. Былтыр «Астана-Алматы» бағытындағы тасжол бойында өткізілген road-эстафетаға аймақтың 400-ден астам



шақорлықтың қауіп-қатері және жұмысшы мамандарының өндірістегі өсу рөлі жайлы айтылды.

Атап айтсақ, Жасанды интеллект мамыны Ескали Қыдырмолданов жастарға қазіргі заманның қуатты технологиясы ретінде ЖИ-дің шығармашылық пен идеяларды жүзеге асыруға арналған және өнімділікті арттыратын құрал ретінде көмектесетіні туралы мағлұмат берді.

«Quantumhub» тұрақты даму және креативті индустрия ғылыми-зерттеу орталығының, «Azmar premium mektebi» ЖШС директоры Жәнібек Жартай Жасанды интеллект білім саласын қалай өзгертетіні жөніндегі баяндамасын оқыды. Айтуынша, АҚШ пен әлем студенттерінің 90%-ы оқуда ЖИ-ді пайдаланады, ал, біздің еліміз әлі ондай деңгейге жеткен жоқ. Еңбек нарығында жүйені орындауда ЖИ көмегімен өнімділікті арттыруға болатынын тілге тиек етті.

Жасанды интеллект тақырыбы жастарға ой салды. Форумға қатысушы, «Жастар Рухы» жастар қанаты Ақтоғай аудандық филиалының төрағасы Құлмухаммед Серікғалыұлы жасанды зерденің көмегімен жаңа дүниелер жасауға болатынын айтты.

– Жасанды интеллект қазіргі уақытта

белсенді жасы қатысып, өңір аумағынан 30 тоннадан астам қоқыс жинады. Жалпы, өңірдің экобелсенділері биыл 150 тонна қоқыс шығарып, қаланы ретке келтірді. Мұндай істі күнделікті атқарып, ел мен жердің гүлденуі үшін еңбек етіп жүрген «Жасыл ел» жастар жасағының үлесі мол. Форум барысында сөз сөйлеген Темір-тау «Жасыл ел» жастар жасағының бас үйлестірушісі Мирас Яуда әрбір жастың экологиялық жауапкершілігі – ел табиғатын сақтауға септігін тигізетіні туралы ой тұжырды.

Сонымен қатар, «Заң және тәртіп» қағидаты аясында айтылғандар жастарға есірткі заттарын тұтыну мен қолданудың қылмыстық жауапкершілігі туралы ой салған тақырыптардың бірі болды.

Форум соңында Қарағанды облысының белсенді жастары марапатталды. Дарынды және бастамашыл жас буынға «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова атынан Алғыс хат пен облыстық мәслихат депутаты Асқар Оразбековтен ақшалай сертификат табысталды. Сондай-ақ, бірқатар жас «AMANAT» партиясына салтанатты түрде қабылданды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Алтын ұя арқауы

Отбасы – қоғамның алтын дінгегі, береке мен бірліктің бастауы. Ұрпаққа өнеге көрсетерлік, шаңырақтарында татулық пен құт орнаған ордалы отбасылар – елдің іргесін бекемдейтін берік ұстын. Осындай құндылықтарды дүйім жұртқа дәріптеуді мақсат тұтқан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының да облыстық кезеңі өз мәресіне жетті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

2014 жылдан бері үзілмей өткізіліп келе жатқан байқау жыл сайын кең ауқымда ұйымдастырылады. Биылғы сайыс 15 мамыр мен 30 маусым аралығында өткен аудандық және қалалық іріктеу кезеңдерінен басталып, оған өңірдің барлық аудандарынан 400-ден астам отбасы қатысты. Солардың ішінен 25 әулет іріктеліп, облыстық кезеңге жолдама алып, өзара бақ сынады.

Қатысушыларды іріктеу отбасы және балалар мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйым өкілдерімен құралған қазылар алқасы шешімімен жүргізілді.

– Байқаудың мәртебесі өсіп, халық асыға күтетін мерекеге айналды. Бұл сайыс – отбасылық құндылықтардың маңызын айқындап, үлгілі отбасының жарқын бейнесін насихаттайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Отбасы – қоғамның ең маңызды институты. Біз әрбір отбасыда береке-бір-

лік орнап, бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлінгенін қалаймыз», – деп ерекше атап өткен болатын. Расында да, отбасы – адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыратын алғашқы мектеп. Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, адалдық пен еңбексүйгіштік – бәрі де шаңырақтан бастау алады, – деді облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков.

Байқау қорытындысы бойынша өңірдің түрлі саласында еңбек етіп жүрген отбасылар бірнеше номинациямен марапатталды. Балқаш қаласынан Алғамжановтар, Нұра ауданынан Мұқаналиевтер, Ақтоғай ауданынан Мұқашевтар әулеттері «Күміс керегеге», «Алтын шаңырақ», «Азамат тәрбиелеген отбасы» жүлделерін иеленді.

Байқаудың бас жүлдесін Саран қаласының Ключниковтар отбасы қанжығасына байлады. Олар енді алдағы уақытта Астанада өтетін республикалық кезеңде Қарағанды облысының намысын қорғайды.

Ключниковтар әулетінің отағасы Константин Ключников – тау-кен өндірісінде машинист. Жары Анастасия – Саран қа-



лалық ауруханасында зертханашы. Бүгінде олар үш перзенттің ата-анасы, өнегелі әулет иелері.

– Байқауға алғаш рет қатысып отырмыз. Бастапқыда жай ғана өтінім беріп едік, бағымыз жанып, облыстық кезеңнің

актық кезеңінде де жеңіс тұғырынан көріндік. Бұл сайыс біз үшін ерекше болды. Отбасы бірлігін нығайтып, алдағы үлкен додада аймақ намысын қолдан бермеуге тырысып бағамыз, – дейді Константин Ключников.



– Біз үшін басты қағида – сенім мен сыйластық. Әркім өз ісіне жауапты болуға үйренген. Балаларымыз спортпен шұғылданады. Қызымыз Мария – джиу-житсудан әлем чемпионы, ұлымыз Мирослав – Азия біріншілігінің жүлдегері. Кенжеміз болса үйде, менің қолғанатым. Мұндай жетістікке отбасындағы өзара қолдау мен түсіністік арқасында жеттік, – дейді Анастасия Ключникова.

Байқауға қатысқан барша қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Байқаудың облыстық кезеңіне аймақтың барлық қалалары мен аудандарынан 5 мыңнан астам адам қатысты.

– Байқаудың басты мақсаты – отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттап, көпшілікке үлгі ету. Осындай өнегелі әулеттер көбейсе, қоғам да берік бола түседі. Өйткені отбасында қалыптасқан сыйластық, еңбекқорлық пен мейірім – бүкіл қоғамның дамуына негіз. Әр ата-ана өз ұрпағына жауапкершілік пен ізгілікті дарыта білсе, еліміздің ертені де нық болмақ. Сондықтан, бұл байқау – отбасылық құндылықты ұлықтаудың үлкен мектебі, – деді облыстық «Аналар кеңесінің» төрайымы Айжан Қиясова.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Энергетика эволюциясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндағы жаңғырту жұмыстары – ел экономикасының қуат көзін нығайту жолындағы маңызды қадам. Сондықтан, біз табиғи монополиялар субъектілерінің жұмысын ашық әрі тиімді жүргізуіне баса мән береміз. Инвестиция, технология және жауапкершілік ұштасқанда нәтиже де жоғары болмақ, – дейді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысының орынбасары Қуат Мұстапин.

Топар бас энергия тарату стансасының құрылысы сонау 1954 жылы басталып, 1962 жылы толық қуатта іске қосылған-тын. Осы күндері стансаның орнатылған электр қуаты – 773 МВт, жылу қуаты 300 Гкал шамасында. Яғни, Қарағанды агломерациясының тұрғындары мен өнеркәсіптік кәсіпорындарын үздіксіз энергиямен қамтуға жеткілікті көлем бар. Жарты ғасырдан астам тарихы бар нысанның жабдықтары уақыт сынынан өткен. Сондықтан, жаңғырту мен күрделі жөндеу жұмыстары мұнда жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Стансаның ағымдағы тозу деңгейі – 76,9%. Кезең-кезеңімен іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар легі де дәл осы жағымсыздау көрсеткішті төмендетуге арналса керек.

Топар ГРЭС – еліміздің біртұтас энергетикалық жүйесінің солтүстік аймағына кіретін стратегиялық нысан. Оның энергиясы Қарағанды, Жезқазған және Балқаш өңірлерін жарықпен, жылумен қамтып отыр. Стансаның 97 пайызы электр қуаты, 3 пайызы жылу өндіру үлесіне тисілі. Қуаты – 773 МВт, жылу қуаты – 300 Гкал/сағат. Мұнда 912 адам еңбек етеді. Кәсіпорында 16 қазан агрегаты мен 8 турбоагрегат бар. Олардың төртеуі – жалпы қуаты 515 МВт конденсациялық турбиналар, үшеуі – 258 МВт жылу турбиналары. Жаз айларында барлығы конденсациялық режимде жұмыс істейді. Көзайым көрсеткіштер ұжымның жүйелі еңбегінің нәтижесі десек, сірә да қателесе қоймаймыз.

Стансада былтырға арналған инвестициялық бағдарлама толық орындалған көрінеді. Жалпы көлемі 227,1



млн теңгені құраған бағдарлама аясында стансаның №9 қазандығы толық күрделі жөндеуден өтті. Жөндеу кезінде негізгі тораптар, сондай-ақ, алдыңғы және бүйірлік экрандар мен жоғарғы текшелері ауыстырылды. Кәсіпорында 2024-2028 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама жүзеге асуда. Биылдың басты жобасы – №16 қазан агрегатына орнатылатын оребренді экономайзер. Бұл жаңартуға 238 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Қазір жұмыс 87 пайыз орындалған. Қайта жөндеу кезінде күл ұстайтын және шаң тазалау жүйелері, газ жүретін қораптар, қазанның айналмалы жабдықтары, окшаулау мен оттық бөліктері түгел жаңартылды.

Инвестиция сенімді энергия кепілі дер болсақ, осы жылға арналған инвестициялық бағдарлама аясында Топар бас энергия тарату стансасы жалпы құны 25,8 млрд теңге болатын бірқатар ірі жобаларды жүзеге асыру үстінде. Мұның қатарында турбоагрегаттарды жаңарту, күл үйіндісінің жаңа секцияларын салу, негізгі корпусарды және жоғары қысымды құбырларды жөндеу, сорғы және көмекші

техникаларды жаңғырту сияқты маңызды ілімді шаралар бар. Ең ауқымды жобалардың бірі – №16 қазан агрегатына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу кешені. Жетелі жұмыс «Монтажник ЭМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігерлік ұйымы арқылы жүзеге асып, қазандық жабдықтарының тиімділігін арттыруға бағытталды. Жөндеу барысында су экономайзерлері мен салқындату жүйелерінен бастап, скруббер қаптамаларына дейінгі ондаған торап жаңартылуда. Жоба аяқталған соң қазан агрегатының апаттылық деңгейі 2,7%-ға азайып, пайдалы әсер коэффициенті айтарлықтай өседі деп күтілуде. Демек, ендігіде көмір мен мазут шығынын төмендетіп, энергия тиімділігі артады.

Жылу мен жарықтың үздіксіздігі деген мұратты көксегенімізде станса қызметі задында өндірістік қана емес, әлеуметтік бағытта да маңызын атап өтпейміз. Мұнда өндірілген жылу лебі Топар кенті мен Абай қаласының тұрғын үйлерін қоса алғанда, әрмен қарай әлеуметтік нысандарына жетіп жатады. Биыл кәсіпорын тарапынан кентте көпқабатты тұрғын үй

салу да жоспарланған. Энергия жүйесінің тұрақтылығы тарифтік саясатпен де байланысты. Жыл басында жылу энергиясының тарифі бірнеше кезеңде қайта қарастырылған еді. Қазір ол қосымша құн салығынсыз 1 Гкал үшін 3 658,59 теңге мөлшерінде белгіленген. Бағамдағы өзгеріс отын мен еңбекке шығындарының өсуімен қатар, инвестициялық бағдарламаларды іске асыруда қамтамасыз ету қажеттілігінен туындап отыр.

Топардағы БЭТС бүгінде классикалық энергетиканың жаңа дәуірге бейімделіп келе жатқанының және бір айқын көрінісі. Алдыңғы буын салған іргетасқа сүйене отырып, қазіргі инженерлер мен энергетиктер нысанды жаңа технологиялармен жаратқандыруға, өндіріс қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға мейлінше күш салуда. Әр турбоагрегат, әр құбыр, әр қазандық ондаған жылдық еңбек, инженерлік ой мен кәсіби мәдениет өзегіндей. Жаңғыртудың қазіргі кезеңі стансаның өміріндегі жаңа тарау сынды. Тозған тораптар ауысып, жаңа технологиялар енгізіліп жатқан сәтте Арқаның энергетикалық жүйесі де сапалық биікке бет алды. Топар стансасы бүгінде классикалық энергетика мен жаңа дәуір технологиясының түйісу нүктесіне айналды. Ал, оның басты миссиясы өзгермейді: Арқаға жарық пен жылу сыйлау, Қазақстанның энергетикалық дербестігіне үлес қосу.

– Нысанның әр кірпіші, әр генераторы ел индустриясының тарихынан сыр шертеді. Байырғы қуатты қайта түлету, жаңа технологияларды енгізу ұрпақтар сабақтастығының көрінісіндей әсер қалдырады екен. Осы орайда, бүгінгі инженерлер мен энергетиктердің еңбегі ерекше құрметке лайық екендігін атап өткен абзал. Олар өткен буын салған іргетасты сақтап қана қоймай, оны жаңа дәуір талабына бейімдеп келеді. Топардың жарығы сөнбесін, жылуы үзілмесін! Біздің мақсат – сенімді қуат көзі болу. Әр қазан, әр турбина артында адам еңбегі тұр. Біз сол еңбекті жүйелеп, болашаққа бағыттап келеміз, – дейді стансаның операциялық директоры Андрей Соловьев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағандының Ай-Ти әлеуеті

IT-индустрия – әлемдік экономикада қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі. Зияткерлік өнім экспортымен Орталық Азияда көш бастап тұрған Қазақстан бүгінде дамыған елдерде жоқ тың тетіктерді, жаңа жобаларды жүзеге асырып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылға қарай 1 млрд долларға дейінгі сомадағы IT-қызметтер экспортымен елімізді әлемдік деңгейдегі IT көшбасшыға айналдыруды тапсырған болатын. Қазақстан белгіленген межеге жақындап қалды. Биыл сала экспорты 881 млн долларға жетті. Мемлекеттің белсенді саясатының арқасында IT-салаға қызығушылық артып, техниканың тілін білетіндер көбейді, цифрландыру дәуірінде ел игілігін көретін инновациялық стартаптар көптеп жасалуда. Ал, IT саланы дамытуда Қарағанды өңірінің үлес салмағы қандай?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЖИ-ге негізделген жобалар бар

Мемлекеттің басты міндеті – бүгінде жеке IT-компаниялар мен стартаптарды белсенді қолдап, инновациялық инфрақұрылымды дамыту болып отыр. Қазақстан технологиялық кәсіпкерліктің қыр-сырына үңіліп, халықаралық нарықта бой көрсету үшін жаңа тетіктерді белгілеуде. Сондай-ақ, IT саласындағы жеке бастамаларды мемлекеттік тұрғыда қолдауды қолға алды.

Күні кеше Қазақстан Дубайда өткен GITEX GLOBAL 2025 ірі әлемдік технологиялық көрмеге қатысып, стартаптардың басын біріктірген, жасанды интеллект саласындағы жобаларды дайындаған 20-дан аса компаниядан тұратын ұлттық павильонын ұсынды. Жобалар қатарында ЖИ-ге негізделген инсульт диагностикасына талдау жасап, дәрігерлерге көмектесетін Cerebra.ai жобасы, өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ететін BEST vision Technology, BilimApp білім беру сервисі, Орталық Азиядағы жалғыз қазақстандық Ghalam компаниясы, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жасалған Alaqa жобасы бар.

Мұны Сауда және интеграция министрлігі QazTrade-пен бірлесіп жүзеге асыруда. Дубайдағы көрме Қазақстанның танымалдылығын арттырып қана қоймай, стартаптардың жаһандық нарыққа шығуына жол ашады. Мұнда еліміз шикізатты ғана емес, зияткерлік өнімді де экспорттайтын ел ретінде көзге түсті. Мұндай ауқымды іс Президенттің биылғы

Жолдауында белгіленген басымдықты айқындады. Мемлекет басшысы: «Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар елдің экономикалық өсуі мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің жаңа драйвері болуға тиіс» деп атап өткен еді.

Еліміздің IT-қызметтері экспортының елеулі бөлігін Astana Hub технопарк құрайды. Орталық Азиядағы ең ірі цифрлық орталыққа айналған Astana Hub-тың биылғы экспорты \$620 млн-ға жетті. Қазақстанның IT қызметтерінің экспорты 881 млн долларды құраса, ондағы Astana Hub-тың салмақ-үлесін бағамдай беріңіз. Мұнда IT-бизнес, стартаптар мен халықаралық цифрлық жобалар жасалады. Қазақстандық стартаптар АҚШ, Ұлыбритания, БАӘ және Қытайдағы халықаралық хабтарда өз жобаларын ілгерілетуде.

Өңірлік IT-хабтың екпіні

Astana Hub бағытын негізге алып, 2021 жылы Қарағандыда алғашқы өңірлік IT-хаб «Террикон алқабы» ашылған еді. «Террикон алқабы» бүгінде өңірлерді біріктіретін технологиялық көпірге айналды. Аталған IT-хаб өңірдің цифрлық экожүйесін ғана емес, отандық саланы дамытуға үлес қосып келеді. Мұнда акселерация, инкубация, білім беру, комьюнити-дамыту және инвестиция тарту процестері бір жерде шоғырланған. Яғни, IT-хаб технологиялық кәсіпкерлікті дамытып, IT мамандарын даярлайды, стартаптар мен фрилансерлерге қолдау көрсетеді.

Өңірлік IT-хабтың өршіл мақсаты – Қарағандыны Қазақстанның цифрлық хабтарының біріне айналдыру. Бүгінде орталықтың



өз жетістіктері де бар.

– Биыл алғашқы тоқсанда біз 30-дан астам іс-шара өткізіп, 1700-ден астам қатысушыны қамтыдық. Акселерация мен инкубация бағдарламалары арқылы 42 стартапқа нақты қолдау көрсеттік. Бұл – үлкен жетістіктің басы ғана, – деді «Террикон алқабы» IT-хаб директоры Сабыр Ниязов.

Оның айтуынша, жыл соңына дейін 100-ден астам IT және Digital іс-шара өткізіп, 10 мыңнан астам қатысушыны қамтуды, 250-ден астам стартапты қолдауды, 100 млн теңгеден астам грант пен венчурлік инвестиция тартуды, бизнес-ангел клубы негізінде венчурлық қор құру жоспарда бар.

Сонымен қоса, StartUpBlink жаһандық рейтингінде TOP-400 стартап-экожүйелер тізіміне енуі мақсат етуде.

– Біз студенттерді, мамандарды, инвесторларды және мемлекеттік орган өкілдерін біріктіріп, нақты экономика секторы үшін тиімді жобалар жасаймыз. Жергілікті цифрлық экожүйені дамыту – басты бағытымыз. Бұл бағытқа білім беру курстары, хакатондар, акселерация және инвестициялық бағдарламалар кіреді, – деді хаб мамандары.

«Террикон алқабы» бүгінгі күнге дейін 25-тен астам бизнес-бағдарлама (инкубаторлар мен

акселераторлар) өткізді, олардың түлектері жалпы көлемі \$3,5 млн-нан асатын 600-ден астам стартап жасады. «Террикон алқабы» түлектерінің өнімі Канада, Франция, БАӘ және басқа да 20-дан аса елде ұсынылған. Бұл өңірлік хабтың айқын жетістігі болып отыр.

Сонымен қоса, «Террикон алқабы» жас командаларға қолдау көрсетіп, олардың цифрлық идеяларын жүзеге асыруға көмектеседі. Бұған дейін IT-хаб AI, 3D, GovTech және MedTech бағыттарындағы жобаларды жүзеге асырды.

Мәселен, олар мемлекеттік сатып алуды автоматтандыратын PromControl платформасын жасады. Қарағандылық фрилансерлер шетелдік компаниялардың тапсырыстарын орындайтын BPO-орталығы да дәл осы жерде құрылды. 2026 жылға қарай орталықты кеңейтіп, қашықтан жұмыс істейтін 500 маманға көбейту жоспарда бар.

Өңірлік IT-хабта белсенді IT-қоғамдастық қалыптасты. Бүгінде әлемге танымал қазақстандық компаниялар Kaspi.kz, Kolesa Group, Playrix, Woopay, Damumed өкілдерінің, аймақтық прокуратуралар мен агенттіктердің қатысуымен ірі форумдар мен хакатондар өткізіліп келеді. «Террикон алқабы» орталығының арқасында өңірде IT-білімнің тілін білетін-

дердің саны артып, саладағы жолын ашуға жәрдемдесті. Жыл сайын 13 мыңнан астам адам IT-саланың жиындарына, дәрістеріне, шеберлік сабақтары мен конференцияларға қатысады.

«Террикон алқабының» IT-мамандарды даярлауда да өзіндік үлесі бар. Мұнда 2021 жылдан бері 2600-ден астам адам дайындалған. Олар IT-хабтың білім беру бағдарламаларына қатысып, Python, SQL, UI/UX, деректер аналитикасы, API, Vue.js, Figma, AI-дизайн және басқа да құралдарды не бағыттай бойынша курстарға өтеді. Курстарға, тіпті, мектеп оқушылары да барады, студенттер, мемлекеттік қызметкерлер мен бизнес өкілдері қатысады. Әсіресе, ағылшын тіліндегі бағдарламаларға назар аударып, қатысушыларды ауылдық жерлерден көптеп тартуға көңіл бөледі.

Университеттегі IT-білімнің серпіні

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті – еліміздің IT саласын дамытуға өзіндік үлес қосып келе жатқан өңірлік оқу орны. Мұнда заманауи IT бағыттары бойынша бағдарламалау, киберқауіпсіздік, деректерді талдау және ЖИ салаларында мамандар даярланады. Былтырғы оқу жылында 197 түлек



IT-мамандығын алып, жұмысқа орналасқан. Университетте ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалар белсенді дамып, стартаптар мен цифрлық технология зертханалары құрылуда. Жетекші отандық және халықаралық IT компаниялармен ынтымақтастық орнатып, тәжірибеге бағытталған білім беру жүйесін енгізуде.

– Қарағанды техникалық университетінің Ақпараттық технологиялар факультетінде 2081 студент бакалавриатта және 71 магистрант білім алууда. Университетте барлығы 6601 студент болса, оның әрбір үшінші студенті – IT мамандығын таңдаған. Магистратураға жыл сайын 40 студент қабылданады, осыныша түлек бітіріп шығады. Олар өңірлік және басқа да облыстардың кәсіпорындарымен бірлескен жобаларды жүзеге асырады, – делінген Қарағанды техникалық университеті берген ақпаратта.

Қазақстандағы ең ірі IT-компаниялардың тізгінін ұстайтын, сонда қызмет етіп жүрген бір топ қызметкерлер осы университеттен түлеп ұшқанын да айта кеткен жөн. Мәселен, Наталья Киль «Дамумед» цифрлық жүйесін құруға атсалысқан университет түлегі. Ол Қарағанды диагностикалық орталығында инженер-бағдарламашы болып еңбек жолын бастап, еліміздегі ең ірі IT компаниялардың бірі «Даму» ақпараттық технологиялар орталығының топ-менеджеріне дейінгі қызметтік жолдан өткен. 2012 жылдан бастап «Дамумед» командасының мүшесі, денсаулық сақтау саласын цифрландырудың көшбасшысы.

Мұндай мысалдар жетерлік. Қарағанды облысы еліміздің IT-саласының қарыштап дамуына, цифрлық экожүйені құруға өзіндік үлесін қосып, саланың бағыты мен бағдарын айқындап келеді. Бұл жолда өңірлік IT-хаб пен IT-мамандарын даярлайтын өңірлік оқу орындары, IT-мектептер табанды еңбек етіп келеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОЛИМПИАДА

Озаттың білім бәйгесі

Қарағанды облысында ауыл мектептерінің озат оқушылары үшін білім бәйгесі – республикалық IQanat олимпиадасының алғашқы кезеңі басталды. Биыл бұл сынаққа аймақтың шалғай ауылдарынан 1800-ден астам оқушы қатысуға тіркелген. Бірінші кезеңнің басты мақсаты – білімге құштар, табанды әрі ізденімпаз жастарды анықтау. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

– Олимпиада қатысушылары математикалық және оқу сауаттылығы, логикалық ойлау қабілеті мен қазақ тілін меңгеру деңгейі бойынша кешенді тест тапсырады, – дейді IQanat қорының өңірлік үйлестірушісі Айман Мақажанова.

Жеңімпаздар үш кезеңнен сүрінбей өтсе, IQanat High School of Burabay мектеп-интернатында тегін білім алу мүмкіндігіне ие болады. Ал қалған қатысушылар үшін үш жылға арналған сүйемелдеу бағдарламасы көзделген. Бұл бағдарлама аясында оқушылар ҰБТ мен халықаралық емтихандарға дайындалады, ағылшын тілі, IT, кәсіпкерлік және заманауи бағыттар бойынша оқудан өтеді. Қор мамандары олардың жетістіктерін үнемі бақылап, оқу барысында бағыт-бағдар береді.

Айта кетейік, бүгінде Қарағанды облысынан бес оқушы IQanat High School of Burabay мектебінде білім алып жатыр, ал тағы екі бала қамқоршылық гранттарына ие болған.

IQanat – еліміздің 200-ден астам кәсіпкерінің қолдауымен жүзеге асырылып отырған әлеуметтік-білім беру жобасы. Оның басты мақсаты – ауыл балаларына сапалы білім алуға және өз әлеуетін ашуға тең мүмкіндік беру.

Өз тілшімізден

Су дипломатиясы: үнем мен үрдіс

Бізге су дипломатиясы қажет. Мемлекет басшысы Жолдауында Үкіметке су ресурстарының бірінғай цифрлық платформасын жасауға тапсырма берді. Еліміздің су ресурстары мәселесіне ерекше тоқталып, саладағы түйткілдерді шешу бағытында нақты міндеттемелер жүктеді. Президенттің айтуынша, су саласында жүйелі бақылау мен тиімді басқарудың жоктығы – суды ысырап етіп отыр.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық платформа – тиімді шешім

«Қазір құзырлы органдарда еліміздегі су ресурстарының қолжетімді көлемі туралы нақты мәлімет жоқ. Кейбір каналдағы судың 50-60 пайызы далаға кетуде. Суды есепке алу технологиясы әбден ескірген. Суды бөліп тарататын орындарда қазіргі заманға сай құрылғылар жоқ. Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сусыз өмір жоқ», – деді Президент. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы үшін аса маңызды саналатын Қарағанды өңірі үшін де өзекті. Судың тапшылығы мен оны тиімді пайдалана алмау өңірлік даму мен экологиялық ахуалға кері әсерін де тигізу қаупі бар.


Президент суды басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртуды тапсырды. Осы орайда Су ресурстарының бірнғай цифрлық платформасын құру міндеті қойылды. Яғни, бұл платформа жерүсті және жерасты сулары туралы нақты деректерді жинақтайды, каналдар, бөетгтер мен су қоймаларының жағдайына мониторинг жасайды, жасанды интеллект арқылы суды тұтыну мен тарату процестерін сараптап, оңтайлы шешімдер ұсынады. Демек, цифрландыру арқылы суды тиімді пайдалану ғана емес, есепке алу, бақылау және ысыраптың алдын алу мүмкіндігі де артады.

Мемлекет басшысы бұл жұмысты Ұлттық су теңгерімін қалыптастыру ісімен қатар жүргізу қажет екенін айтты. Яғни, елдегі барлық су ресурстары мен тұтыну көлемі ескеріліп, нақты баланс жасалуы тиіс. Бұл ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлауға жол ашады.

Салаға цифрлық бақылау енгізілсе, шаруалар суды тиімді қоспарлап, ысырапты азайтып, өнімділікті арттыра алады. Сонымен қатар, бұл экологиялық тұрақтылықты сақтауға да өз ықпалын береді.

Әлемдік тәжірибе әлеуетті арттырады

Қарағанды облысы үшін су – тек тіршілік нәрі ғана емес, өндіріс пен ауыл шаруашылығының негізі. Аймақтағы каналдар мен су қоймаларының тозуы, артық су шығыны – алаңдатарлық мәселе. Сол себепті, аймағымызда су ресурстарын тиімді басқару мен инфрақұрылымды жаңғырту бағытында кешенді шаралар қолға алынып, халықаралық деңгейдегі әріптестік аясында нақты жобалар жүзеге асырыла бастады. Бұл ба-



Су ресурстарының мониторингін қамтамасыз ететін жүйе

стамалар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жүктеген тұрғын үй-коммуналдық және су инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмаларды орындауға бағытталған.

Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, өңірде су саласын реформалау және суды ұтымды пайдалану мақсатында әлемдік тәжірибеге негізделген серіктестік жолға қойылған.

– Бірнеше ай бұрын біз SUEZ атты ірі француз компаниясымен келісімге қол қойдық. Бұл – су ресурстарын тұрақты басқару саласындағы әлемдік көшбасшы. Қазіргі таңда жұмыс басталып кетті. Компания мамандары келіп, қазір талдау жұмыстарын жүргізіп жатыр, – дейді аймақ басшысы.

Қарағанды облысы әкімдігі, SUEZ International SAS және Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығы арасында үшжақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім аясында су шығындарын азайту, сумен жабдықтау жүйесінің тиімділігін арттыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту, озық

цифрлық технологияларды енгізу көзделуде.

SUEZ компаниясы су ресурстарын басқару, суды есепке алу және ағынды суларды сүзгіден өткізу саласында көпжылдық тәжірибеге ие. Компанияның сарапшылары Қарағанды облысында инженерлік инфрақұрылымның қазіргі жай-күйін талдап, нақты шешімдер жолын ұсынбақ.

Су ресурстарын басқару – бүгінде ұлттық қауіпсіздік деңгейіндегі мәселе. Қарағанды облысы бұл салада алдыңғы қатарлы тәжірибеге сүйеніп, тиімді әрі сапалы шешімдер қабылдауға бет алды. Француз компаниясымен әріптестік – халықаралық стандарттарға сай, цифрлық әрі экологиялық тұрғыдан тиімді су шаруашылығы жүйесін құрудың алғашқы қадамы.

Үнемді су станциясы

Бұқар жырау ауданы биыл ауызсу мәселесін шешу жолында тың серпін танытып, заманауи әрі тиімді жобаны жүзеге асырды. Аудан орталығынан шалғай орналасқан Алабас ауылында алғаш рет күн энергиясымен жұмыс істейтін автоматтандырылған блок-модуль-

ді сорғы станциясы орнатылды. Бұл – облыс аумағында алғаш рет қолданылған жаңашыл жоба.

Бұл сорғы станциясы толықтай автоматтандырылған және жасанды интеллект арқылы басқарылды. Қондырғы тек қажет кезде іске қосылады. Артық қуатты тұтынбайды. Станция 80 метр тереңдіктегі ұңғымадан су тартып, оны сыйымдылығы әрқайсысы 5 тоннадан тұратын үш резервуарға жинайды. Осылайша, жалпы 15 тонна көлемінде су қоры қалыптасып, заманауи итальяндық сорғылар арқылы ауыл ішіне таратылады.

– Бұл жоба – ауылдық жерлерде экологиялық әрі экономикалық тұрғыдан тиімді шешім. Су халыққа тегін беріледі. Өйткені, күн энергиясы қондырғының барлық қажеттілігін толық өтейді, – дейді жобаның мердігері Айдос Ыдырысов.

Қондырғыға 31 күн панелі орнатылған. Әр панельдің қуаты 550 Ватт, ал, жылдық қуат өндіру көлемі шамамен 40 мың кВт-сағатты құрайды. Бұл ретте, станцияның өзіне қажет энергия 30 мың кВт көлемінде болса, қалған 10 мың кВт электр қуаты ортақ желіге беріледі, яғни, қо-

сымша пайда әкеледі.

Мұндай шешім – ауылдар үшін таптырмас үлгі. Бұқар жырау ауданы әкімдігі бұл қанатқакты жобаны өзге елдімекендерге де кеңейту мүмкіндігін қарастыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында көтерілген ауызсумен қамту және инфрақұрылымды жаңғырту міндеттері аясында мұндай экологиялық әрі үнемді технологиялар – ауылдың тұрмыс сапасын жақсарттады.

«Жарлы – Қарқаралы»: қордаланған мәселе шешімін тапты

Қарқаралы қаласында да көптен күткен «Жарлы – Қарқаралы» магистральді су құбырының құрылысы толық аяқталды. Осы арқылы ондаған жылдар бойы қордаланған ауызсу мәселесі шешімін тауып отыр. Бұған дейін тұрғындар тозығы жеткен, орташа пайдалану мерзімі 50 жылға жуық ұңғымалардың суын пайдаланып келген еді.

Енді жаңа жерасты су көзінен тартылған сапалы ауызсу Қарқаралы қаласының үйлеріне дейін жетеді. Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Саят Мусиннің мәлімдеуінше, құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, қазіргі уақытта су қаланың ішкі желілері мен резервуарларына беріледі.

– Құбыр арқылы су келіп тұр. Қазір желілерді шаю және залалсыздандыру шаралары жүргізілуде. Санитарлық қорытынды алынған соң нысан ресми түрде пайдалануға беріледі. Қала тұрғындары көптен күткен сапалы ауызсуға қол жеткізеді, – дейді әкім орынбасары.

Жоба аясында жалпы ұзындығы 38 шақырым болатын су желісі тартылып, төрт сорғы станциясы және екі ірі су сақтау резервуары салынды. Мамандардың айтуынша, ондаған жылға жететін қоры бар, әрі сапасы жоғары.

Бұл жоба Мемлекет басшысының ауылдар мен шағын қалаларды таза ауызсумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасына орай жүзеге асырылған.

Бүгінде Қарқаралы ауданында бірнеше елдімекенде су құбырларын салу және қайта жаңғырту жұмыстары қатар жүргізілуде. Жобалар толық аяқталған соң аудан халқы 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі. Бұл – тек Қарқаралы үшін ғана емес, жалпы облыс үшін стратегиялық маңызы бар әлеуметтік бастама.

Инвестициялық бағдарламаның игілігі

«Қарағанды Су» кәсіпорны биыл қала аумағындағы сумен жабдықтау және көріз жүйелерін жаңғыртуға бағытталған ауқымды инвестициялық бағдарламаны іске асыруда. Жоба 43 нысанды қамти-



ды. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, су ресурстарын үнемдеуге бағытталған жүйелі қалам.

Бағдарлама аясында қайта жаңғыртылатын инженерлік желілердің жалпы ұзындығы – 34 435,67 метр. Оның ішінде, су құбыры желілері – 16 541,17 метр, көріз желілері – 17 894,5 метр. Жобалар негізгі және қосымша инвестициялық бағдарламаға бөлінген. Жаңғырту жұмыстарының бір бөлігі кәсіпорынның шаруашылық әдісімен атқарыла, бірқатары мердігер ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асуда.

Сумен жабдықтау бойынша 12 нысан жаңартылып жатыр. Оның жетеуі негізгі бағдарламаға, ал, бесеуі қосымша бағдарламаға енген. Қазіргі таңда бұл жұмыстар Охотская, Крылов, Қ.Аманжолов, Ишимская, Ә.Ермеков көшелерінде жүргізілуде. Жаңғырту нәтижесінде техникалық жағдай жақсарып, су шығынын азайту көзделіп отыр.

Көріз жүйелерін жаңғырту 31 нысанды қамтиды. Оның 11-і шаруашылық әдіспен, 20-сы мердігер ұйымдар арқылы атқарылууда. Нысандардың 9-ы негізгі, 22-сі қосымша бағдарлама аясында іске асуда. Қазіргі таңда жұмыстар Магнитогорск, Белинский, Локомотивная, Восточная, Сводная, Зелинский, Стахановская көшелері мен Н.Әбдіров, Кеншілер даңғылында белсенді жүріп жатыр.

Сонымен қатар, Мирная, Бабушкин, Н.Гоголь, Қ.Сатыбалдин көшелерінде, Н.Назарбаев даңғылы, Ақтас кенті мен Орбита ықшамауданында көріз желілері жаңғыртылуда.

«Қарағанды Су» кәсіпорны қолға алған инвестициялық бағдарлама – қала тұрғындары үшін аса маңызды. Бұл – тек инженерлік инфрақұрылымды жаңарту ғана емес, экологиялық қауіпсіздікті арттырып, ресурстарды ұтымды пайдалану жолындағы нақты қадам. Бағдарлама толық жүзеге асқан соң, Қарағанды қаласындағы су және көріз жүйелерінің сенімділігі артып, апаттық жағдайлар азайып, қызмет көрсету сапасы жақсарады.

Түйін

Су – стратегиялық ресурс. Президент тапсырмасы бойынша қолға алынатын цифрлық жүйелер – суды басқарудың жаңа деңгейіне көтерілуге жол ашады. Мемлекет басшысы «Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі» екенін баса айтып отыр. Ендеше, аймақты сумен кепілді әрі ұтымды қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс күн тәртібінде түспейді.

• КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Ардагерлер тәлімі тағылымды

Қарағандыда «Қазақстан спорт ардагерлері одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Президиумының көшпелі отырысы өтті. Ел спортының дамуына сүбелі үлес қосқан ардагерлер Арқа төсінде бас қосып, спорт саласындағы мәселелерді талқылады. Әрі өзара тәжірибе алмасып, ойларын ортаға салды. Отырыстың ашылу рәсіміне облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев қатысып, алғы сөзін жолдады. Әрі спорт саласындағы ардагерлер рөліне тоқталып, өмір жолын ерекше атап өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көшпелі отырысқа Мәдениет және спорт министрлігі Дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы Елсняр Қанағатов төрағалық етті. Сонымен қатар, еліміздің спорт саласында ұзақ жылдар еңбек еткен Несіп Жүнісбаев, Анатолий Степаненко, Наталья Сухорукова және Валерий Громов сынды ардагерлер қатысып, пікірін ортаға салды. Әрі өзекті мәселелер төңірегінде ұсыныстарын да білдірді. Сөз алған Серік Жұманғалиұлы:

– Осыдан бірнеше жыл бұрын республикалық ардагерлер кеңесі құрылған еді. Бүгінде сол кеңестің мүшелері Қарағандыға арнайы келіп отыр. Мұндай кездесулердің

берері мол. Олай дейтінім, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, дұрыс бағыт көрсететін де – осы ардагерлеріміз. Сондықтан, бұл отырыстан өзімізге қажетті көптеген ой түйеміз деп сенемін, – деді басқарма басшысы.

Отырыс барысында бірлестіктің алдағы даму бағыттарын айқындайтын негізгі мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, облыстық филиалдың қызметіне байланысты өзекті жайттар көтеріліп, нақты ұсыныс, пікірлер ортаға салынды.

– Қарағанды өңірі әрдайым мықты шәкірттерімен, білікті жаттықтырушыларымен алдыңғы қатарда. Осындай жетістіктер ең алдымен, бүгінгі спорт ардагерлерінің еңбегінің жемісі. Біздің ұйым дәл осы ардагерлерді ұмыт



қалдырмай, олардың тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында құрылған. Ардагерлерден тәлім алып, оны бүгінгі ұрпақпен сабақтастыру. Ардагерлеріміз әлі де спорт саласына өз үлесін қоса алады. Осы мәселені көтеріп, Ту-

ризм және спорт министріне ұсыныспен шыққан болатынмын. Министрліктің қолдауымен осы одақ құрылды. Қазір атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы да сол қолдаудың нәтижесінде жүзеге асуда, – деді Елсняр Баймұхамедұлы.

Сонымен қатар, отырыс аясында бірлестіктің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды. Атап айтқанда, өңірлік бастамаларды дамыту, ардагерлер қозғалысын күшейту, білім беру мен әлеуметтік-спорттық бағдар-

ламаларды кеңейту мәселесіне баса назар аударылды.

– Біздің ардагерлердің мол тәжірибесі бар. Өз саласының ащысы мен тұщысын қатар татқан тұлғалар. Сол өмірлік тәжірибе бүгінгі өскелең ұрпаққа ауадай қажет. Ардагерлеріміз көзі тірісінде жас жаттықтырушылар мен спортшыларға нақты қай жағынан көмектесе алады? Осы сұрақ бізді жиі толғандырады. Осы ретте, оларды түрлі салаларға кеңесші ретінде тартсақ, ұтылмаймыз. Жас ұрпақ ардагерлерімізден тағылым алып, сабақ үйренуі тиіс, – деді республикалық Ақсақалдар алқасының төрағасы Анатолий Құлназаров.

Сапар аясында қатысушылар Қарағанды қаласының алдыңғы қатарлы спорт нысандарын аралап қайтты. Әуелі Мұз сарайы мен Үстел теннисі орталығына барса, одан кейін С.Сәпиев атындағы бокс орталығына табаны тиді. Әрі жаңа ашылған футбол орталығына да бас сұғып, атқарылып жатқан жұмыстарымен танысып қайтты.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• АКАДЕМИК ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

Ұлтқа арналған ғұмыр

Төрегелді Шарманов – қазақ және кеңестік медицина саласының көрнекті қайраткері, ғалым, нутрициолог-гигиенист, қоғам және мемлекет қайраткері. Ол – Қазақстанда нутрициология ғылымының негізін қалаушылардың бірі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, КСРО және ҚР Ұлттық ғылым академияларының академигі, Қазақстан Республикасының Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлық иегері. Оның саналы ғұмыры ғылымға, медицинаға және ұлт денсаулығына қызмет ету жолына арналды.

1958-1962 жылдар-тұғын. Еңбек жолын туған өлкесі Ұлытау аудандық ауруханасында бас дәрігер болып бастаған ол ауыл медицинасын дамытудың нақты үлгісін көрсетті. 1961 жылы «Синтомицин мен левомицетиннің қанға әсерін эксперименттік зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, Қарағанды медицина институтының алғашқы ғылыми дәрежелі түлегі атанды. Ғылыми ізденіс жолында тоқтаусыз еңбектенген Т.Шарманов 1968 жылы «Қазақстандағы гиповитаминоздардың бруселлез кезіндегі ағзаның иммунобиологиялық реактивтілігіне әсері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Осылайша ол Қарағанды медицина институтының алғашқы алты шығарылымы арасынан шыққан тұңғыш медицина ғылымдарының докторы атанды. 1962-1965 жылдар мұғдарында Алматыдағы Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты өлкетану ғылыми-зерттеу институтында бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Ал, 1968-1971 жылдары Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының ректоры және фармакология кафедрасының меңгерушісі болды. Бұл жемісті жылдар оның кәсіби және ұйымдастырушылық қабілетінің жаңа деңгейде ашылған елеулі кезеңі еді.

1971 жылы Төрегелді Шарманов Қазақ КСР-ы Денсаулық сақтау министрі болып тағайындалды. Оның бастамасымен елімізде алғашқы рет ана мен бала денсаулығын қорғау, тамақтану мәдениетін кө-

Нағыз ғалым шәкіртсіз өмір сүре алмайды.

Академик Евгений Чазов



теру, алдын алу медицинасының жүйесін жетілдіру бағыттарында кешенді шаралар жүзеге асырыла бастады. Төрегелді Шарманұлы – Қазақ тағамтану академиясының негізін қалаушы және оның ұзақ жылдар бойғы президенті. Ол – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ғылым мен техника саласындағы сыйлығының, ҚР Тұңғыш Президентінің бейбітшілік және прогресс сыйлығының, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жанындағы Бернард Леон Фуко қоры сыйлығының иегері. Сонымен қатар, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы мен еліміздің ең жоғарғы марапаттарының бірі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегері.

1995 жылдың мамыр айынан бастап Төрегелді Шарманов – Қазақстан профилактикалық медицина академиясының президенті. Академик Т.Шармановтың әлемдік ғылымдағы ең ірі жетістіктерінің

бірі – оның 1978 жылы Алматыда өткен халықаралық конференцияда қабылданған Алматы декларациясы авторларының бірі болуы еді. 1996 жылы Т.Шарманов авторлығымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық тамақтану саясаты» қабылданды. Оның жетекшілігімен метаболизмдегі интернуртриттік өзара әрекеттесу, тамақтану фармакологиясы мен тамақтану иммунологиясы сияқты түбегейлі жаңа ғылыми бағыттар пайда болды. Т.Шарманов ұлттық тағамдардың емдік қасиеттеріне негізделген диеталық терапия тұжырымдамасын дамытты. Академиктің бастамасымен Алматыда ТМД кеңістігінде теңдесі жоқ Балалар тағамы орталығы құрылды.

Ғылым жолындағы табандылығы мен ізденістерінің арқасында ол Қазақ тағамтану академиясы жанында ғарышкерлерге арналған жаңа өнімдер класын жасақтады. Ол бие сүтінің пайдалы қаси-

еттерін алғашқылардың бірі болып ғылыми түрде дәлелдеп, оны ұлттық брендке айналдырып, әлемдік деңгейде насихаттады. Тіпті, осы сүт негізінде зиянсыз шоколад жасап шығару идеясы да жүзеге асырылды. Ол Қазақстанның йод тапшылығы бар мемлекет екенін дәлелдеп, ас тұзын міндетті түрде йодтауды заңдастыруға үлкен үлес қосты. Темір тапшылығы анемиясының ел ішінде кең таралғанын ғылыми жолмен дәлелдеп, ұнға темір препараттарын қосу арқылы маңызды мәселені ұлттық деңгейде шешті.

Әйткенмен, Төрегелді Шарманұлының ғылыми жолы әрқашан оңай болған жоқ. 1985 жылы Қазақ КСР-да тамақтану институтын құру туралы идеясына шетін көзқарастарға байланысты ол өз отанынан кетуге мәжбүр болған. Сол жылы отбасымен бірге Мәскеуге қоныс аударып, коммуналдық пәтерге орналасты. Анасы (80 жаста), әйелі мен ұлы Алмазбен бірге қиын кезеңдерді бастан өткерді. Алайда, оны КСРО-ның көрнекті ғалымдары – А.Покровский П.Бургасов, С.Дроздов, Г.Сердюковская, Н.Измеров, Д.Львов секілді әріптестері қолдап, оған ғылымимен айналысуға мейлінше жағдай жасалды. Мәскеудегі ВАК-та кафедра басқарды, ұстазы А.Покровский жетекшілік еткен журналдың редакторы болды. ЮНИСЕФ және ДДҰ деңгейінде темір тапшылығы анемиясы мәселесін көтеріп, Женевада үш күнге созылған халықаралық конференция ұйымдастырды. Жиынға әлемнің түпкір-түпкірінен мамандар қатысып, мәселенің маңыздылығы кеңінен танылды. Кейінгі жылдары оның бастамасымен Әзірбайжан, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан және Өзбекстанда тағамтану академиялары құрылды. Қазақстанда «Қазақ тағамтану академиясы» ашылып, ол БҰҰ университетімен бірлескен орталыққа айналды. 1988 жылы Алматыға оралған Төрегелді Шарманұлы осы академияны дамытып, елдегі тағамтану ғылымының көшбасшысы болды.

Оның жетекшілігімен 40 докторлық және 135 кандидаттық диссертация қорғалап, 400-ден астам ғылыми еңбек, 38 монография және 40 өнертабыс жарық көрді. Ол «Денсаулық және ауру» ғылыми-практикалық журналының бас редак-

торы ретінде де еңбек етті. Сонымен қатар, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі жанындағы тағамдық қоспалар мен балалар тағамын тіркеу жөніндегі сараптамалық кеңестің төрағасы, Үкімет жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия мүшесі, бірнеше медициналық қоғамдардың белсенді мүшесі бола білді. Біраз уақыт Қазақ ұлттық медицина университетінің бақылау кеңесінің төрағасы қызметін де атқарды. Сол университетте ол 1949 жылы дәрігер болып жол бастап, кейін әлемдік деңгейдегі ғалымға айналды. Сонымен қатар, ҚР ғылыми және технологиялық ұйымдары қауымдастығының вице-президенті (2000-2001), кейін президенті (2001 жылдан бастап), «Химфарм» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің мүшесі (2007 жылдан бастап) болды.

Былытр 25 мамырда Төрегелді Шарманұлы мәңгілікке аттанып, Қазақстан халқы аса ауыр қайғыға ұшырады. Қоштасу күні Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының басшысы Диляра Қайдарова: «Ол адам – аңыз, медицинаның патриархы, тамақтану иммунологиясы атты жаңа бағыттың негізін қалаушы» деп тебірене еске алған-тын. Біз болсақ, Төрегелді Шарманұлын 1954-1958 жылдар аралығында, ол комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған кезеңнен бастап танығанымызды айта кеткіміз келеді. Біз студенттермен оқу-тәрбие жұмыстары жөнінде тығыз қарым-қатынаста болып, талай мәселені бірлесіп шештік. Ол өте сезімтал, мұқият, мейірімді жан еді. Арамызда алты жас алшақтық болғандықтан, біз оны әрқашан құрметтейтінбіз және пікірін тыңдайтынбыз. Соңғы рет онымен 2002 жылы Алматыда, тағамдық қоспалар мен олардың сертификатталуы жөніндегі келелі кездесуде жүздестік. Төрегелді Шарманов туралы жарқын естеліктер мен жып-жылы естен кетпес әсерлер біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Виктор ЗУБОВ,
медицина ғылымдарының докторы

Сурет автордан



Жастар жемқорлыққа «жөк» деді

Шахтинск технологиялық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пікірталас өтті. Іс-шараның басты мақсаты – студенттердің құқықтық санасын арттырып, адалдық пен әділдік құндылықтарын дәріптеу. Пікірталасқа колледж студенттері мен ұстаздары, ішкі саясат бөлімінің өкілдері және жастар ұйымдарының мүшелері қатысты.

Қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, азаматтық жауапкершілік және қоғамда мәдениеттілікті қалыптастыру жайында өз ойларын ортаға салды.

Шара барысында студенттер сыбайлас жемқорлықтың зияны, оны болдырмау жолдары және оқу орнында ашық орта қалыптастыру тақырыптарында пікір алмасты. Сонымен қатар, жеке жауапкершілік пен этикалық ұстанымдар туралы мәселелер талқыланды. Пікірсайыс барысында қатысушылар өз ұстанымдарын нақты деректермен қорғап, түрлі мысалдар келтірді. Шара соңында белсенді студенттер арнайы сыйлықтармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, кездесулер жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастырып, саналы әрі жауапты азамат тәрбиелеуге сеп болады.

Өз тілшімізден

Жасанды интеллект қылмысты құрықтайды

Елімізде қылмыстың алдын алу жұмыстары түбегейлі жана кезеңге қадам басуда. Құқық бұзушылықтарды тіркеп, оларды алдын ала болжау мен ескерту механизмдерін дамыту басты стратегиялық мақсат ретінде белгіленді. Бұл ретте жасанды интеллект пен деректерге негізделген аналитикалық жүйелер қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді құралына айналып келе жатқанын атап айту керек.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық қауіпсіздік – сенімді қоғам кепілі

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің төрағасы Сәбит Нұрлыбайдың «Kazinform» агенттігіне берген сұхбатында мәлімдеуінше, ел көлемінде қоғамдық қауіпсіздікке арналған жаңа платформаны іске қосу жоспарланып отыр.

Бұл платформа қылмыстық қауіп-қатер мен қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Жоба аясында арнайы орталық пилоттағын режим жұмыс істей бастаған. Оған IT-мамандар, математиктер, дата-аналитиктер және жобалық басқару саласындағы сарапшылар тартылыпты.

– Бүгінгі таңда еліміздің құқық қорғау органдары деректерді қағаз форматынан толық электронды жүйеге көшіріп, төрт ірі IT-жобаны – ЕРДР, ЕРАП, ЕРСОП және Аналитикалық орталықты іске қосты. Бұл – жасанды интеллектке негізделген қауіпсіздік жүйесінің техникалық және заңнамалық іргетасын қалап берген маңызды қадам. Ендігіде осы мүмкіндіктерді пайдаланып, қоғамдағы қауіп-қатерді алдын ала болжап, қылмыстың алдын алу шараларын



күшейтуді жоспарлап отырымыз, – дейді комитет төрағасы.

Ал, облыстың ішкі істер органдарының басты назары да халықтың қауіпсіздігін арттыру мен құқық бұзушылықтың алдын алу-да. Осы бағытта аймақта цифрлық технологиялар белсенді енгізілуде. Солардың бірі – жасанды интеллектке негізделген интеллектуалды бейнеаналитика жүйесі.

Бүгінде Қарағанды қаласының түрлі аумақтарына орнатылған 60 «ақылды» камера тәртіп сақшыларына көмекші құрал ғана емес, сенімді серікке айналды. Бұл камералар адам көп шоғырланатын нүктелерге, атап айтсақ, қоғамдық көлік аялдамаларына, теміржол вокзалдарына және халықаралық әуесжай аумағына орналастырылған. Олардың басты ерекшелігі – бейнежазба түсіре отырып, адамның жүзін танып, мінез-құлқындағы агрессия белгілерін, шектен тыс топталу неме-

се күмәнді іс-әрекеттерді автоматты түрде тіркей алуында.

Қарағанды облысы полиция департаментінің бастығы Негмет Исмағұловтың айтуынша, бұл жүйе құқық бұзушылықтың алдын алу мен ашуда елеулі рөл атқарып отыр.

– Жыл басынан бері бейнеаналитика жүйесінің көмегімен 49 құқықбұзушы анықталып, ұсталды, – деді ол.

Қашып құтылу мүмкін емес

Дерекке сүйенсек, жасанды интеллектпен жабдықталған камералар қоғамдық орындарда бақылаушы әрі нақты талдаушы қызметін атқарады. Мәселен, вокзал маңындағы камералардың бірі пробациялық бақылауда жүрген, сот шешімімен белгіленген аймақтан заңсыз шығып кеткен Павлодар облысының тұрғынын анықтады. Ал, тағы бір жағдай:

алимент төлеуден жалтарып жүрген Қостанай облысының азаматы ұсталды.

Мұндай мысалдар жеке оқиғалар ғана емес, бейнеаналитика жүйесінің құқықтық тәртіпті нығайтудағы нақты тиімділігін аңғартады. Бұл технологиялардың арқасында полиция қызметкерлерінің дер кезінде әрекет етіп, жағдай ұшықпай тұрып, қылмысты тоқтатуға мүмкіндігі бар.

Ел Президентінің бастамасымен жарияланған «Профилактика жылы» елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алуға және азаматтардың қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған маңызды шара екенін атап айту керек. Осы мақсатта енгізілген цифрлық шешімдер мен жасанды интеллектке негізделген технологиялар заман талабынан туындап отыр.

Қарағанды облысында бұл бағытта атқарылып жатқан жұ-

мыстар нақты нәтижелер көрсетуде. Байқасақ, полиция департаментінің мамандары атап өткендей, жасанды интеллект элементтерін қолдану құқық бұзушылықтың алдын алу ісінің тиімділігін бірнеше есе арттырған.

Жаһандық тәжірибе не дейді?

Қоғамдық қауіпсіздікті жасанды интеллект арқылы қамтамасыз ету бүгінде әлемнің көптеген елінде кең таралған тәжірибеге айналды. Мәселен, Қытайда «Skyne» және «Sharp Eyes» атты ауқымды жобалар аясында миллиондаған бейнебақылау камерасы жасанды интеллектпен жабдықталған. Олар азаматтардың бет-әлпетін тану, күмәнді әрекеттерді нақтылау және қылмыскерлерді бірден анықтау мүмкіндігін береді. Осындай жүйенің арқасында іздеуде жүрген қылмыскер мыңдаған адам қатысқан ауқымды концерт кезінде ұсталыпты.

Ал, АҚШ-тың бірқатар қаласында PredPol (Predictive Policing) деп аталатын қылмысты алдын ала болжау жүйесі қолданылады. Бұл жүйе бұрын жасалған қылмыстардың уақыты мен орнына қарай талдау жасап, келесі құқық бұзушылықтың қайда және қашан болуы мүмкін екенін болжайды. Кей аудандарда бұл әдістің нәтижесінде қылмыс деңгейі 20-30%-ға дейін төмендеген. Дегенмен, сарапшылар мұндай жүйелерді енгізу кезінде жеке өмірге қол сұқпау және әлеуметтік әділеттілік принциптерін сақтау маңызды екенін айтады.

Қарағанды облысында жүзеге асып жатқан бұл тәжірибе еліміздің өзге аймақтарына да үлгі болары анық. Заманауи технологияларды құқық қорғау саласына енгізу қазіргі уақыттың қажеттілігіне айналды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жарты ғасыр белесі

Ақтоғай ауданында жарты ғасыр бойы ән мен билің алтын арқауына айналған «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің 50 жылдығы салтанатты түрде тойланды. Тарихы терең, тағылымы мол өнер ұжымы аудан ғана емес, облыс, республика, тіпті, алыс-жақын шет елдерге дейін қазақ мәдениетінің бай мұрасын паш етіп келе жатқан бірегей ансамбль ретінде ел есінде.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерейтойлық іс-шара дәстүрлі өнердің дарабоздарына арналған мемориалдық тақтаның ашылуымен басталды. Ақтоғай аудандық мәдениет үйі ғимаратының алдынан ашылған бұл мемориал – бір дәуірдің өнерін өрге сүйреген саңлақтарға көрсетілген құрметтің белгісі. Тақтада ән өнерінің дүлдүлі, бір өзі – бір театр болған Тұрған Түсіпбаев, дәстүрлі музыканың дара шебері Дәртай Сәдуақасов, бекзат өнердің биік бағасын жеткізген Бектұрсын Шортанбаев, сахнаның саңлағы Қуат Қожамбаев және асқақ үнді әнші Асылмұрат Акановтың есімдері жазылған. Мемориал ашылу салтанатында аудан әкімі Абылай Аманжолов пен ардагер өнерпаз Тұрғанбек Түсіпбаев сөз сөйлеп, осы тұлғалардың аудан өнеріндегі рөліне тоқталды.

Мерейтой аясында ансамбльдің өнер жолын танытатын көлемді көрме ұйымдастырылды. Онда ансамбль мүшелері пайда-

ланған музыкалық аспаптар, сапар кездеріндегі фотосуреттер, деректі бейнежазбалар, анимациялық фильмдер көрермен назарына ұсынылды.

«Дала дауысы» театрландырылған көрінісімен бастау алған концертте ансамбльдің құрылу тарихы сахналық қойылым арқылы көрерменге ұсынылды. Бұдан соң ансамбльдің орындауында ақын Абзал Бөкеннің сөзіне жазылған, сазгер Дәртай Сәдуақасовтың жүрек тербеген «Ақтоғай – алтын бесігім» әні шырқалды.

Бұдан кейін Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов ансамбль мүшелеріне ыстық ықыласын білдіре отырып, бірқатар азаматтарға лайықты марапаттарын табыстады.

– 1972 жылы сазгер Ескендір Хасанғалиев пен ақын, драматург Бәкір Тәжібаевтың бастамасымен іргесі қаланған ансамбль алғаш рет 1975 жылы республикалық телеарнада көрсетіліп, көпшілік қолдауымен «Халықтық ансамбль» атағын алған болатын. Бұл мәртебе – Ақтоғай мәдени-



етінің биікке көтерілуінің баспалдағына айналды, – деді Абылай Базылұлы.

Құттықтау сөзінен кейін «Еңбек ардагері» төсбелгісін Қарлығаш Малыбаеваға, Нұрлан Күлшікеновке, «Мәдениет са-

ласының үздігі» төсбелгісін ансамбльдің көркемдік жетекшісі Әлібек Имашевқа, қоюшы-суретші Жоламан Жакуповқа, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарды музыкалық жетекші Ғи-

рат Қожамбаевқа, әнші Бұлбұл Мақшоноваға, Сәуле ауылдық клуб меңгерушісі Ербол Рысбековке, «Зерде» бейнемобилінің меңгерушісі Нұржан Әлібековке, әдістемелік кабинет меңгерушісі Сымбат Қожамбаеваға, мәдени

ұйымдастырушы Әсел Ноғаеваға, «Балбырауын» би ансамблінің жетекшісі Мархабат Искаковаға табыс етті. Сонымен қоса, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған: Шамшия Төлеубаева, Дариға Ақатаева, Бақыт Сардарқызы, Төлеу Аяғанов, Тұрғанбек Түсіпбаевтарға ел ерекше құрмет көрсетті. Мерекелік шара соңында ансамбль ұжымына аудан әкімінің қолынан жаңа «Газель» автокөлігі табыс-талды.

Жарты ғасырлық тарихы бар өнер ұжымына арналған «Толқи бер, Тоқырауын толқындары!» атты кітаптың тұсауы да осы күні кесілді. Лентаны Қарағанды облысының Құрметті азаматы Сағдат Дүйсебеков, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Дариға Ақатаева және аудан әкімі Абылай Аманжолов қиды.

Жарты ғасыр ішінде ансамбль сахнада ғана емес, жүректерде де салтанат құрды. Ұлттық болмыс пен төл өнердің туын жықпай, оны шет елдерге дейін танытты. Ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, әр дәуір өз дүлдүлін шығарып отырды. Талай тарланның өнердегі тұсауын кескен бұл ұжым – бүгінде аудан мақтанышы ғана емес, республикалық мәдениеттің де рухани брендіне айналды.

Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген автор

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Құтқарушыларға құрмет

Осакаров ауданында «Құтқарушы – батылдық пен адамгершіліктің символы» атты дөңгелек үстел өтті. Шараның басты мақсаты – ел қауіпсіздігі жолында жанқиярлықпен қызмет етіп жүрген құтқарушылардың еңбегін дәріптеу, олардың қоғамдағы ерекше рөлін айқындау болды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құтқарушы күні – кез келген сәтте туындаған қауіп-қатерге қарсы тұрып, адам өмірін құтқаруға дайын азаматтардың кәсіби мерекесі. Биыл Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Үш онжылдық ішінде бұл салада талай ерлік пен адалдықтың, батылдық пен борышқа беріктіктің үлгісі қалыптасты.

Салтанатты шараға аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов, аудандық мәслихаттың төрағасы Қанат Сакқұлаков, құтқару қызметінің ардагерлері мен бүгінгі мамандары қатысты.

– Сіздердің жұмыстарыңыз – ерлік пен адалдықтың үлгісі. Төтенше жағдайдың қай түрі болса да, сіздер ең алдыңғы шептесіздер. Сол үшін де халықтың өздеріңізге деген құрметі жоғары, – деді аудан әкімі құттықтау сөзінде.

Осы күні сала ардагерлері мен

қызметкерлері аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, №17 және №28 өрт сөндіру бөлімдерінің үздік қызметкерлері де ерекше құрметке ие болды.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Қанат Сакқұлаков өз сөзінде: – Құтқарушының әрбір күні сынақ. Бірақ сол сынақтың артында талай адамның үміті мен өмірі бар. Сондықтан, бұл мамандықтың қалдырған артықшылығын атап өтіп, құтқарушыларға алғыс білдірді.

Осы отырыста ән әулеткен аудан өнерпаздары мерекенің рухын көтеріп, қатысушыларға ерекше көңіл күйін сыйлады.

Жыын соңында қатысушылар төтенше жағдайлар қызметінің ел қауіпсіздігін сақтаудағы маңызын атап өтіп, құтқарушыларға алғыс білдірді.

Осакаров ауданы

• КЕШ

Өмірдің өрнегіндей өрілген

Қасым туған қастерлі топырақ талай дүлдүлді дүниеге әкеліп, қазақ руханияты көшінің көрігін қыздырып келеді. Дауыппаз ақын туған өлкеде араға ғасырға жуық уақыт салып, әдебиет әлеміне жаңаша леппен енген Ерік Нарынның келуі де заңды құбылыс. Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылының Мәдениет үйінде осы бір ерек ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист Ерік Нарынның «Жүректей ғана жұмыр жер...» атты жыр кеші өтті.

Әдеби-сазды кешке өңірдің қаламгер қауымы мен мәдениет майталмандары қатысты. Серік Сағынтай, Еркін Мұсабеков сынды қаламгер ағалары сахнаға шығып ақынға батасын беріп, жүрекжарлы лебіздерін білдірді. Дәулеткелді Сағатов, Шыңғыс Сәрсенбай іспетті ардабоз әншілер әсем әуенді құйқылжыта шырқалды.

Ақын бұл кеште өмірдің өрнегіндей өрілген, жүрегінде қайнап жатып төгілген, сананың сахна-

сынан көрініп, керім айдай әсем керілген, қағазға қаламмен ғана емес, жаһандық жанармен терілген өлеңдерін оқыды. Жырға шөліккеген халық кеш кейіпкерінің отты жырларымен сусындады.

Жергілікті әкімшілік тарапынан да ақынға құрмет көрсетіліп, сыйлықтар табысталды. Өзі білім нәрімен сусындаған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенттері ағасын ардақтап, өлеңдерін жатқа оқыды.



• ДІН – ДІҢГЕК

Діни сауаттылық – жастардың рухани иммунитеті

Ақпаратқа цифрлық қолжетімділік дәуірінде шынайы білім мен деструктивті үгіт-насихатты ажырата білу ерекше маңызға ие болып отыр. Бүгінде ақпарат бір сәтте қолжетімді бола бастаған заманда дінге қатысты мәселелер де ерекше мәнге ие болуда. Бұл – әсіресе өмірлік мән-мағына, бағыт-бағдар мен ішкі тыныштықты іздейтін жастар үшін маңызды.

Көптеген жастар жауапты діннен іздейді. Алайда, дінге деген қызығушылық артқан сайын, жалған ақпараттың, радикалды ықпалдың және жалған діни ағымдардың қауіпі де күшейе түседі. Сондықтан да бүгінде діни сауаттылық – жай ғана ниет емес, бұл – өмірлік қажеттілік. Себебі дін ықпал ету құралына айналуы мүмкін.

Жастар діни идеологияға осал келеді
Қазіргі жастар көптеген діни ілімдер мен көзқарастарға тап болады. Егер олар өз дінінің негіздерін, мән-мағынасын білмесе, бөгде және кейде аса қауіпті идеологиялар алдында осал бола түседі. «Таза ислам» деген желеумен жастарға исламға да, қазақтың дәстүріне де қатысы жоқ идеялар таңылып жатыр.

Діни сауатсыздық адамды, әсіресе, ықпалға бейім етеді. Экстремистік көзқарасты ұстанушылардың басты нысанасы – жастар. Өйткені олардың арасында өз-өзіне сенімсіз, эмоциялық

тұрақтылығы әлсіз, өмірлік мағына іздейтін адамдарды табу оңай. Олар әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, бейнесабактар мен анонимді чаттарды белсенді пайдалана отырып, зиянды идеяларын «ақиқат» ретінде жеткізеді.

Діни сауаттылық дегеніміз не?
Бұл – ең алдымен діни ілімдердің мәнін түсініп, сыни тұрғыдан ойлай білу қабілеті. Шынайы білім мен бұрмаланған ақпаратты ажырата білу, өз дінінің негіздерін, қағидаларын және дәстүрлерін тану. Бұл – жай ғана діни терминдерді білу емес, манипуляцияға қарсы тұра алатын ішкі тұрақтылықты қалыптастыру.
Діни сауаттылық – құрмет, төзімділік пен жауапкершілік сияқты бейбіт және кемел қоғамға қажет қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.
Діни тәрбие – отбасынан басталады
Негізгі білім мен адамгершілік бағдарлар ең алдымен отбасында

және мектепте қалыптасады. Бала кезінен қолдау мен түсіністікке ие болмаған жастар осал күйге түседі. Олар «жол», «мақсат», «мағына» уәде еткендердің ықпалына оңай түседі.

Бүгінде, өкінішке қарай, жастар дін туралы мәліметті имамдардан немесе ресми діни өкілдерден емес, күмәнді интернет көздерінен алады. Мұндай «ұстаздардың» көпшілігінің діни білімі жоқ, кейде олар әдейі дінді бұрмалап, өз мүддесіне бейімдейді.

Сондықтан ата-аналар, ұстаздар мен аға буын, тек айыптау мен тыйым салумен шектелмей, түсіндіру, пікірлесу, білім және тәжірибемен бөлісу арқылы әрекет етуі тиіс. Қазіргі жастарға монолог пен нотация емес, ашық әрі шынайы диалог қажет.

Деструктивті ағымның белгілері қандай?
Зиянды діни ұйымдардың адамдарды өз ықпалына тарту тәсілдері әртүрлі болғанымен, олардың ықпалына түскен адамның бойынан мынадай ортақ белгілерді байқауға болады:

- Мінез-құлқның күрт өзгеруі;
- Қалыпты ортасынан оқшаулануы, тұйықталуы;
- Сыңға төзеушілік;
- Бір ғана идеяға соқыр сенім-



Өлең өлкесінен өз өрісін тапқан Ерік Нарын – өлеңді жүрек тілімен сөйлете білген қаламгер. Ақынның сөбініңдей әлділеген елде «Мөр» атты алғашқы жыр жинағымен поэзия әлеміне жол ашса, бүгінде даңғыл жол салып, халқының ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Нұрасыл АМАНЖОЛ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ІІ курс студенті

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылғы 9 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбегіне сәйкес 3 аудиторлық және 3 сараптамалық-талдау іс-шарасы жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен жергілікті бюджет қаражатының көлемі 857 531,2 мың теңгені құрайтын 12 объект қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтары 13 431 561,0 мың теңге мөлшерінде анықталды. 16 257 474,8 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 2025 ж. 9 айындағы 14 982 083,0 мың теңге қалпына келтірілді және өтеледі.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша төмендегілер жолданды:

аудит объектілеріне – 3 аудиторлық қорытындысы және 11 нұсқамасы жолданды, 53 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 3 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 59 аудит материалдары жолданды, жалпы 5 962,6 мың теңге айыппұл сомасына 32 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде Тексеру комиссиясымен 165,1 мың теңге айыппұл сомасына 4 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына (Қарағанды облысының прокуратурасы, Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті) – 5 аудит материалы, оның ішінде: 1 қылмыстық іс қозғалды, 2-не тәртіптік жаза қолданылды, 2-ін сотқа дейінгі тергеп-тексеруге тіркеуден бас тартылды.

№203

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Абай БЛЯЛОВ,
«Қазақстанның азаматтары»
ҚБ-нің дінтанушысы

д

• БОЧЧА

Жігер жеңіске бастайды

Қазіргі таңда елімізде тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшылар арасындағы бочча спорты кеңінен қанат жайып келеді. Әсіресе, өңірімізде облыс әкімдігі тарапынан қолдау бар. Бүгінде соның нәтижесінде аталған спортқа қызығушылардың қатары артып, түрлі байқаулар да жиі өтеді. Күні кеше Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде аталған спорт түрінен облыстық чемпионат өтті. Оған өңірдің әр түпкірінен 22 қатысушы келіп, өзара мықтыны анықтады. Чемпионаттың ашылу салтанатына облыстық мәслихат депутаты Қадияша Оспанова мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Дәурен Есімханов қатысып, жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бочча – дәлдікті, зейін мен жинақылықты талап ететін ерекше спорт түрі. Бұл ойын тек жарыс ретінде ғана емес, оңалту құралы ретінде де маңызы орасан зор. Ғалымдардың айтуынша, боччаның денсаулыққа тигізер оң әсері әлдеқашан дәлелденген. Сол себепті, бұл спорт түрін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар қолға алынып келеді. Қадияша Базарбайқызы да боччаның артықшылықтарына ерекше тоқталып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

– Баршаңызды іс-шараның ашылуымен құттықтаймын. Бочча спорты өңірімізде қарқын алды. Облыс басшылығы және министрлік тарапынан да қолдау зор. Сондықтан, осы спортпен айналысатын спортшылар келешекте үлкен нәтиже көрсетеріне сенім мол. Ертеңгі күні өңірімізден шыққан спортшылар еліміздің көкбайрағын әлемдік ареналарда желбіретеді деген сенімдемін, – деді ол.

Аталған чемпионат халықаралық талаптарға сай өткізілді. Қатысушылар сайысқа BC1, BC2, BC3 және BC4 санаты бойынша өнер көрсетті. Өз санатында үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаздар елордада өтетін Қазақстан кубогына жолдама еншілеп қайтты.

Азамат Темірбаевтың бұл спортқа келгеніне көп бола қоймаған. Дегенмен, дәл осы чемпионат оның алғашқы жарысы көрінеді. Жекелей сында BC1 санатында өнер көрсетіп, екі бірдей қарсыласын жеңіпті. Қарсыластары осал емес. Бұған дейін де бірнеше жарысқа қатысып, жүлделі орын-

дардан көрініп жүрген жандар. Бұл жолы Азаматтың айы оңынан туып, қарсыластарын қапы қалдырды. Сонымен қатар, ол жұптық сайыста да бақ сынап, II орынды еншіледі.

– Шыны керек, үйде отырып, шаршап кеттім. Кейін осы спорт жайында естіп, қызығушылығым оянды. Содан бері қол үзбей шұғылданып келемін. Осы спорттың арқасында жаңа орта таптым. Жаңа достар таптым. Енді дайындығымды одан әрі күшейтіп, үлкен бәсекелерде бақ сынайтын боламын. Ендігі мақсат – ел чемпионы атану, – деді Азамат Темірбаев.

Ал, Айым Әбештің бұл спортпен айналысып жүргеніне үш жылдан аса уақыт өтіпті. Осы аралықта ол талай жарысқа қатысып, өңір намысын абыроймен қорғап келеді. Байрақты бәсекелерде де жүлдесіз қайтқан емес. Былтыр Павлодар облысында және Астанада өткен республикалық байқауда жүлделі орындарға ие болған. Ал, осы жолғы байқауда BC2 санатында сынға түсіп, I орынды қанжығасына байлады.

– Бұл мен үшін бірінші алтын медаль емес. Менің дәл осындай бес алтыным бар. Бүгін үш қарсыласпен кездесіп, үшеуін де жеңдім. Негізі, қарсыластарыммен бұрынсоңды кездескенмін. Бұған дейін де жеңген болатынымын. Осы жолы да басым түстім, – деді Айым Әбеш.

Бақсақ, аталған спортқа қызығушылардың саны да жыл санап артып келеді. Ал, осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде алдағы уақытта ел чемпиондары да шығатынына сенім мол.

Суретті түсірген автор



• МЕРЕЙ

Шындықты шырақ еткен

Ақтоғай топырағында елге белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, ақын Мүсіркеп Сейдахметтің 70 жас мерейтойына арналған «Шындықты шырақ еттім жолыма» атты шығармашылық кеші жоғары деңгейде өтті. Ел руханиятының бір парағын толтырған тарлан тұлғаның бұл кеші ақын шығармашылығы мен қайраткерлік болмысын кеңінен ашқан мазмұнды мереке болды.

Нұрдос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеш барысында мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген «Жоқшы» кітабының тұсауы кесілді. Шараны ақтоғайлық жастардың көркемдік театрландырылған қойылымы ашты. Жастар ақынның өлеңдерін тебірене оқып, поэзияның жан тебірентер сәттерін сахнада шынайы суреттеді. Одан кейін сахна төріне көтерілген «Балбырауын» би ұжымы әсерлі биден шашу шашты. Кештің жүргізушісі ақын Серік Сағынтай көрермен ықыласын иеленіп, кеш иесін ортаға шақырды. Халықпен амандасқан Мүсіркеп Сейдахмет жырларын оқып, жүрек үнін жеткізді.

Мерейтой иесін құттықтау үшін сахнаға Ақтоғай ауданы-

ның әкімі Абылай Аманжолов көтеріліп, жүрекжарды лебізін білдірді.

– Мүсіркеп ағамыздың өлеңі найзағайдай жарқырап, шындықтың сәулесін шашады. Біз бұл кешті ұйымдастыруды өзіміздің азаматтық парызымыз деп санадық. Сол игі тілек бүгінгі кешке ұласып отыр. Шығармашылық шабыт пен денсаулық тілейміз, – деді аудан басшысы. Ақынның иығына шапан жасауы, ат мінгізді.

Кештің маңызды сәттерінің бірі – «Жоқшы» кітабының таныстырылымы. Кітаптың лентасын аудан әкімі Абылай Базылұлы, қоғам қайраткері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, ардагер ұстаз Жәнібек Ғаппасов, ақын-аудармашы Әбжан Әбілтай, ақын-жазушы Жанболат Башар салтанатты түрде кесті.

Ақынның сөзіне жазылған әндер де көпшілікке ұсынылды. Ақтоғайдың «Тоқырауын толқын-дары» халықтық ән-би ансамблі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері – Сержан Мұсайын мен Дәуренбек Әркенов, әнші Сәттар Сәрсенқұлов, Нұржан мен Азиза Құлымжановтар секілді отбасылық дуэттер «Аңсар», «Ауылды ансау», «Аксораң – тәжі даламның» сынды ел арасында кеңінен танылған әндерді орындап, кештің көрігін қыздырды.

Кеш барысында ақынның поэзиядағы орны, шынышыл болмысы мен қайраткерлігі кеңінен сөз болды. Оның талай жасқа бағыт-бағдар беріп, шығармашылық жолын ашқан ұстаздық қыры да ерекше аталды.

– Қоғамды сынап, ұлтты тәртіпке шақыру үшін алдымен

• ТУРНИР

Болашақ чемпиондар бәсекесі

Қарағандыда ұлдар мен қыздар арасында бокстан Олимпиада ойындарының чемпионы Серік Сәпиевтің жұлдесіне арналған XIII халықаралық турнир басталды. Оған әлемнің сегіз елінен 2010-2011 жылы туған 400-ге жуық спортшы келді. Биылғы бәсекеге облыс құрамасы сапында барлық салмақ дәрежесінде 80 спортшы бақ сынауда. Чемпионаттың ашылу салтанатына Серік Сәпиев арнайы қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған турнирге қатысушылардың қатары жыл сайын артып келеді. Осы тұрғыда Серік Жұманғалиұлы:

– Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін. Ия, жыл сайын қатысушылардың қатары көбеюде. Бұл – үлкен жетістік. Дәл осы турнирде шыңдалған спортшы бұдан да байрақты бәсекелерде топ жаратыны сөзсіз. Осындай маңызы зор турнирлер тек Қарағандының емес, қазақ боксын дамытуға үлкен сеп болады. Сондықтан, осындай турнирлер санын көбейту қажет.

Сонымен қатар, аталған чемпионаттың ашылу салтанатына Қазақстан спорт ардагерлері одағының төрағасы Елсияр Қанағатов, Қазақстанның Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Нұрғазы Жарылғапов, С.Сәпиевтің бапкері Александр Стрельников сынды тағы да басқа спорт жанашырлары қатысты. Облыстық мәслихат депутаты, Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің директоры Ерден Халилин сөз алып, өңірдегі спорттың жетістігіне тоқталды.

– Біздің елде бокс – бірінші спорт түрі. Құрметті ата-аналар, балаларыңызды спортқа баулыңыздар.



Әсіресе, олимпиадалық спорт түрлеріне тартыңыздар. Олай дейтінім, бүгінде Олимпиадалық спорт түрлеріне үлкен қолдау бар. Соған сай ел спортшылары да барған турнирлерінен жүлдесіз қайтпайды. Көк Туымызды көкке көтеріп, ел абыройын асқақтатып жүр. Ел болашағы соңымыздан еріп келе жатқан спортшылардың қолында. Олар өз тілінде сөйлей-

Айта кетейік, өткен жылы дәл осы турнирден облыс құрамасы төрт алтын, жеті күміс және 14 қола жүлдені иеленіп, жалпыкомандалық есепте I орын иеленген болатын.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО



адам өзін әшкерелеуге дайын болуы керек. Абайдың бойындағы сол қасиет – Мүсіркеп ағаның болмысында да бар. Өзін аямайтын, шындықты бетке айтатын қайсар

қалам иесі – елдің шын жанашыры, – деген пікірлер айтылды. Кеш соңында ақын өзі де сахнаға шығып, ұйымдастырушыларға, Ақтоғай жұртшылығына

ризашылығын білдіріп, жүрекжарды өлеңімен алғысын жеткізді.

Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген автор

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакарлы: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyyk.kz@gmail.com; ortalyyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 512 №117 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
--